

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая**



ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

*“Жас ғалым. Ізденістер. Мәселелер. Зерттеулер” сериясы.
Серия “Молодой ученый. Поиски. Проблемы. Исследования”
№ 1 (16), 2010 ж.*

Алматы, 2010

**Хабаршы. “Жас ғалым. Ізденістер. Мәселелер. Зерттеулер”
сериясы.** - Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ. - 2010. - № 1(16). - 71 бет.

**Вестник. Серия “Молодой ученый. Поиски. Проблемы.
Исследования”.** - Алматы: КазНПУ им.Абая. - 2010. - № 1(16). - 71 с.

Главный редактор

д.ф.-м.н., проф. В.Н.КОСОВ

Редакционная коллегия:

*к.и.н., доцент Н.У.Шаяхметов (зам.гл.редактора),
к.филол.н., доцент Ж.Исмаилова (ответ.секретарь),
д.и.н., профессор А.Н.Кудайбергенов,
д.полит.н. Ж.К.Симтиков,
к.пед.н., доцент А.Е.Берикханова,
к.тех.н., доцент Ш.И.Хамраев*

Бас редактор

ф.-м.ғ.д., проф. В.Н.КОСОВ

Редакция алқасы:

*тар.ғ.к., доцент Н.У.Шаяхметов (бас ред.орынбасары),
филол.ғ.к., доцент Ж.Исмаилова (жауапты хатшы),
тар.ғ.д., профессор А.Н.Кудайбергенов,
саяси ғ.д. Ж.К.Симтиков,
пед.ғ.к., доцент А.Е.Берикханова,
тех.ғ.к., доцент Ш.И.Хамраев*

Б.Ж.Исхан –

*филол.ғ.к., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ әдебиеттану
және тіл білімі ФЗИ-дың ғалым хатшысы*

Қай тілде болсын сөйлем тиянақты ойды білдіретін, белгілі бір интонациямен айтылатын тілдің ең негізгі бөлшектерінің бірі екені, сондай-ақ түрлі ой-тұжырымдарымыз бен пайымдауларымызды бір-бірімізге жеткізетін тілдік тәсіл екені бәрімізге белгілі. Ол осындай ойды білдірудің негізгі формасы бола отырып, сол ой-пікірлерімізді неше түрлі етіп, құбылтып айтып жеткізуде де басты қызмет атқарады. Әртүрлі көңіл-күйіміз бен тыңдаушы мен оқырманға деген қарым-қатынасымызды сан алуан сөйлем түрлері арқылы білдіреміз. Бұл – көңіл-күйдің түрлі жағдайына қарай қолданылатын сөздер мен экспрессивтікті білдіретін амал-тәсілдер арқылы іске асады.

Түрлі деңгейлік білім беру орындарында оқытылатын қазақ тілі пәні мен ғылымының оқулық-оқу құралдарында эмоционалды сөздер мен экспрессивтікті білдірудің фонетикалық, лексика-семантикалық, морфологиялық, синтаксистік-стистикалық амал-тәсілдері көрсетілген. Біздің ойымызша, осылардың барлығында шарттылық бар. Себебі, кез келген сөздің нақты лексика-семантикалық қызметі қарым-қатынаста (коммуникацияда), яғни сөйлем құрамында көрінетіні сияқты эмоционалдық мағынаға ие сөздердің де стилистикалық қызметі мен экспрессивтікті білдіруі, негізінен, сөйлем құрамында ғана жүзеге асады. Әлбетте, кейбір сөздердің жеке-дара тұрып нақты бір лексикалық мағынаны білдіретіні сияқты, олардың бірқатарына белгілі бір көңіл-күйді (эмоцияны) білдіру де әбден сіңген. Бірақ бұл бүкіл сөзге тәнділік емес екені анық. *«Бап» деген сөзді «баб» деп жазып, біз қазақ тілінің сөздік қорына жаңа сөз енгіздік. Егер ол сөзді де «бап» деп жазғанда «бір заңның «тарауы», «тараушасы» дегендегі мағынасы «сөзін баптап айтты», «асықпай баппен сөйледі» дегендегі «жай-күйге» қатысты сөзге ұқсас болып кетер еді» немесе «Қазақ тілінің жаңа орфографиялық сөздігін» дайындау барысында «аққұтан», «көкқұтан» дегендерді біріктіріп жазуды ұсына отырып, «ақ аю», «қоңыр аю» дегендерді бөліп жаздық. Себебі – «қоңыраю» деп біріктіріп жазсақ, «көңілім қоңырайып тұр» дегендегі сөзбен мағыналас болып кетер еді» деп сөздердің синтаксистік қарым-қатынасқа түспейінше, олардың лексикалық нақты мағынасын дәл көрсетіп айту үнемі сәтті бола бермейтінін парықтамай жүрген қазақ тіл білімінің қазіргі белгілі ғалымдарының әлгінде біз көрсеткен тұжырымдары қандай қате болса, синтаксистік қатынасқа түспеген сөздер де, морфологиялық тұлғалар да, синтаксистік құрылымдар да жеке тұрып, сөйлем құрамына енбей, эмоционалдық пен экспрессивтікті үнемі*

білдіре алмайды. Эмоционалдылық пен экспрессивтікті білдірудің фонетикалық, лексикалық, морфологиялық түрлері болады дегеннің шарттылық деуіміз сондықтан. Демек, біздің ойымызша, тілдің осы қызметі, негізінен, синтаксистік болып саналады. Ал экспрессивтікті білдірудің синтаксистік амал-тәсілдері ретінде «Қазақ тілінің стилистикасы» оқулығында: «Ойды жай хабар ретінде де, кісіге әсер ететіндей мәнерлі түрде де айтуға болады. Мысалы: «Енді оны көрмеймін» – дегенді күшейтіп: «Ендігіәрі оны көрсем, көзім шықсын» – деуге болады. Осындай, ойдың күшейтіліп, мәнерлі түрде айтылуы сөйлемнің экспрессивтілігі дейміз», – деп жазып, оның мынадай бес тәсілін көрсетеді:

1. Сөйлеу тілінде және жазғанда, оқығанда дауыс ырғағын құбылту арқылы сөйлемге экспрессивтік мағына енгізуге болады.

2. Бір ойды білдіретін болымды сөйлемнің орнына болымсыз сөйлемді жұмсау арқылы оған экспрессивті мағына қосуға болады.

3. Баяндауыштың I жақтық жіктік жалғауын – мен, – бен, – пен түрінде жұмсау арқылы сөйлемнің мағынасын экспрессивті етуге болады.

4. Сөйлемнің баяндауышын, кейде сөйлемнің түрін мәндес басқа сөздермен не сөйлем түрімен ауыстырып айту арқылы да оған экспрессивтік мағына үстеуге болады.

5. Сөйлемнің етістік баяндауышын қайталап екі рет айту да немесе есім, етістік баяндауыштардың алды-артына олардың мағыналарын күшейтетін сөз қою да экспрессивтікті білдірудің синтаксистік амалы болады» [1, 161].

Бұдан біз көрсетілген амал-тәсілдердің екіншісі мен бесіншісінен басқаларда сөйлемнің экспрессивтігі фонетикалық немесе эмоционалды-экспрессивті сөздердің сөйлем құрамында болуына орай, синтаксистік экспрессия болып тұр деп қабылдайтынымыз рас. Солайы – солай-ау, бірақ олар сөйлем құрамында жұмсалмағанда жеке тұрып экспрессивтікті білдіруі неғайбыл болып қалар еді. Айналып келгенде, экспрессивтілік таза синтаксистік мәселе бола тұра, тілдің қандай амал-тәсілдерімен орындалатындығына байланысты ғана ол – фонетикалық, лексикалық, морфологиялық деп жіктеледі. Мәселен, біздің жаңағы синтаксистік тәсілдердің бірі ретінде қарастырған алғашқы тәсілімізді орыс лингвистикасында экспрессивтікті білдірудің фонетикалық амалдарының қатарына жатқызады. Олардың «Лингвистический энциклопедический словарьнда»: «К фонетическом экспрессивным средством относятся фонологические нереливатные для данного языка изменения языков, акцентные и интонационные средства» [2, 78], – деп көрсетілген.

Демек, олар дауыс ырғағын құбылту арқылы сөйлемге экспрессивтік мән беруді фонетикалық тәсіл деп есептейді. Бірақ осы еңбекте мынадай да түсініктеме бар: «Различные функционального использования экспрессивных языковых средств и многообразии видов общественно-речевой практики затрудняет их строго классификацию по единому признаку, что особенно

заметно при переходе от экспрессивной лексики к экспрессивному синтаксису» [2, 86]. Бұған қарап, экспрессивтікті білдіретін амал-тәсілдер тілдің бір саласынан екіншісіне ауыса беруі мүмкін деген пайымдаудың дұрыс екеніне көз жеткізе отырып, қалай да болсын, тілдің экспрессивтік қызметі қарым-қатынаста (коммуникацияда), яғни тілдің синтаксистік-стилистикалық қызметінде көрінетініне көз жеткізе түсеміз.

Стилистика пәні синтаксистік құрылымдардың, әсіресе сөйлемнің жұмсалып аясын, мағыналық құбылыстарын, тыңдаушыға немесе оқырманға олардың әсерін, экспрессивтік мағыналарын тағы басқа да қырларын қарастыратындықтан, солардың тілдің қандай амал-тәсілдері арқылы сөйлемде берілуін анықтау да оның басты мәселелерінің бірі. Олай болса, экспрессивтікті білдірудің синтаксистік жолдарын нақтылау негізгі мәселелердің қатарына жатады. Біз осы мақсатқа орай, бірсыпыра әдебиеттерге шолу жасау барысында жоғарыда көрсетілген амал-тәсілдерден басқа тағы да бірнеше әдістердің бар екеніне көз жеткіздік. Біздің ойымызша, олар мыналар:

1. Синоним сөз тіркесі мен сөйлемдер арқылы экспрессивтікті білдіруге болады. Бұл тәсіл алғаш рет «Қазақ тілі стилистикасында» сөз болған болса, кейін осы тақырып бойынша профессор М.Серғалиев «Синтаксистік синонимдер» [3], «Етістікті сөз тіркестерінің синонимиясы», [4] деген арнайы еңбектер жазған.

2. Инверсия (сөздердің сөйлемдегі орындарын алмастырып қолдану) тәсілі де сөйлемге экспрессивтік мағына береді. Бұл тәсіл қазақ тіл білімінде экспрессивтікті білдірудің бір жолы ретінде арнайы қарастырылмағанымен, жалпы сөйлемге экспрессивтік беретіндігі туралы көптеген еңбектерде айтылған. Мәселен, М.Балақаев: «Сөйлем мағынасын түрлендіріп, ондағы жеке мүшеге ерекше стильдік қызмет арту үшін, оны басқа сөзбен орын ауыстырып айтуды инверсия дейміз» [5], – десе, сөздердің сөйлемдегі үйреншікті орны ауыстырылып айтылса, сол сөзге ой екпіні түсіп, оған ерекше мән беріліп жұмсалады деген ойды түсінеміз. Мысалы, баяндауыштың қазақ тіліндегі әдеттегі орны сөйлемнің соңы. Егер оған инверсия жасап, ой екпінін түсірсе, сөйлемге өзгеше мағына беретіні түсінікті. Сол себептен, кейбір ұран мағыналы лепті сөйлемдерде оны бірінші орынға қойып айтамыз. Ал біздің осы пікірімізге қатысты әрі оны басқа қырынан толықтырып тұрған пікірді профессор Р.Әміровтің «Ауызекі сөйлеу тілінің синтаксистік ерекшеліктері» [6] деген еңбегінен ұшыраттық. Ғалым осы еңбегінде сөйлемнің эмоциональдығы мен экспрессивтігі тек лексиаклық амалдар арқылы ғана көрінбейді. Бұған грамматикалық амалдық, әсіресе баяндауыштық форманың септігі көп тиеді деп айта келе, инверсия жасаудағы сөйлем мүшелерінің орны туралы мынадай тың пікір айтады: «сөйлем мүшелерінің орын тәртібінің өзгеруі сөйлемнің ой екпінін түсіру (актуализация) мақсатына байланысты. Актуализация сөйлеу үстінде көп ескерілетін талап болғандықтан, оны жүзеге асырудың тұрақты тілдік

амалдары қалыптасқан. Солардың бір амалы – сөйлемнің белгілі позициясы» [6, 90]. Ғалым осындай келелі пікір айта келе, қазақ тілі сөйлеміндегі актуалды позиция – сөйлемнің соңы, яғни баяндауыштың орны деп көрсетеді.

Инверсия мәселесі орыс лингвистикасында кең қамтылып жазылған және оларда бұл тәсіл экспрессивтікті білдірудің ең негізгі тәсілдерінің бірі болып саналады. Мүмкін, бұл – орыс тілі сөйлемдеріндегі сөздердің орын тәртібінің қазақ тіліне қарағанда еркіндеу болып келетінінен шығар. Ал бізде бұл тәсілдің, көбінесе, поэзиялық шығармаларда қолданылатыны мәлім.

3. Лексика-синтаксистік қайталаулар арқылы сөйлемнің экспрессивтілігін артыруға болады. Сөйлемге осы әдіс-тәсіл арқылы экспрессивтік мән беруге болатынын алғаш рет академик Қ.Жұмалиев айтқан болатын. Кейінірек ғылыми мақалалары мен көлемді еңбектерінде Р.Әміров, М.Серғалиев сияқты т.б. ғалымдар бұл мәселеге назар аударған.

4. Қаратпа, қыстырма сөздерді қолданып, сөйлемге экспрессивтік қасиет дарытуға болады. Қазақ тіл білімінде профессор М.Томанов пен Т.Сайрамбаев «Қазіргі қазақ тіліндегі қаратпалар» деген еңбек жазғанымен, қаратпалардың стилистикалық қызметіне арнайы тоқталмаған. Бұл тәсіл де кейінгі кезде кеңірек зерттеліп, экспрессивтікті білдірудің синтаксистік амалы ретінде қарастырылып жүр.

5. Парцелляция. Бұл – сөйлеу тілінің тәсілі, яғни ауызекі тілде сөйлеушінің өз ой-пікірін жағдайға қарай, жекелеген сөз, сөз тіркестері ретінде бөлшектеп жеткізуі. Парцелляция арқылы сөйлемнің экспрессивті жұмсалатыны қазақ тіл білімінде әлі сөз бола қоймаған сияқты. Ал орыс тіл білімінде осы құбылысқа арналған еңбектер жеткілікті. Тіліміздегі осы құбылыс, көбінесе, ауызекі сөйлеу тілінде жиі ұшырасады. Бір қарағанда ойды бөлшектеп жеткізу – әдеби тілден ауытқып, сөйлемді дұрыс құрамағандық немесе ойды жүйесіз жеткізгендік сияқты болып көрінетіні рас. Қалай дегенмен, тілімізде бар құбылыс болғандықтан, оның да мән-мағынасына, түрлі қызметіне назар аудару керек-ақ.

Мысалы орыс тіл білімінде мынадай сөйлемдерді парцелляцияға жатқызады: «Міне, қараңыз, Константин Владимирович, біз сарайдан не таптық?! Мына ағаштардың арасынан», «Ертең дүкенге кел. Біздің үйдің қасындағы. Түс ауған соң», «Қыс жылы болды ғой. Отын көп жаққан жоқпыз» [7, 6].

Егер осындай сөйлемдердің табиғатына тереңірек үңіліп қарасақ, олар белгілі бір ойды тыңдарманға әсерлі де мәнерлі етіп жеткізуден туындап жатқандай. Олай болса, инверсия тәсілі секілді парцелляция да ойды экспрессивті жеткізудің синтаксистік амал-тәсілдерінің бірі деуімізге болады.

Тілімізде экспрессивтікті білдірудің осындай-осындай да синтаксистік амал-тәсілдері бар екенін айта отырып, біз олардың бәрін түгендедік дей алмаймыз.

Бұл мәселе – біздің ойымызша, кең ауқымда зерттеп-тексеруді қажет ететін тың тақырыптардың бірі екені анық.

1. Балақаев М. және басқалар. Қазақ тілі стилистикасы. - Алматы, 1974.
2. Лингвистический энциклопедический словарь. – М., 1990.
3. Серғалиев М. Синтаксистік синонимдер. – Алматы: Мектеп, 1981.
4. Серғалиев М. Етістікті сөз тіркестерінің синонимиясы. - Алматы, Қазақ униv., 1997.
5. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі мәселелері. - Алматы, 1988.
6. Әміров Р. Ауызекі сөйлеу тілінің синтаксистік ерекшеліктері. Алматы: Мектеп, 1977.
7. Ванилов Н.В. Синтаксические особенности русской речи. – М.: Просвещение, 1969.

Резюме

В статье рассматриваются экспрессивные функции синтаксической структуры казахского языка и некоторые методы выражения экспрессивности.

Summary

The article deals with the expressive function of the syntactic structure of the Kazakh language and some methods of expression expressivity.

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР МЕН ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДЕ ҚОЛДАНЫЛҒАН ТҮР-ТҮС АТАУЛАРЫНЫҢ СЕМАНТИКАСЫ

М.М.Бижанова -

*Абай атындағы ҚазҰПУ әдебиеттану және тіл білімі
ҒЗИ-ның аға ғылыми қызметкері*

Түр мен түс бұл екі сөз. Шығу тарихы жағынан бір-бірімен туыстас мағынасы жақын сөздер. Олай дейтін себебіміз: кейбір буынды және екі буынды түбірлердің түркі тіліндегі ротацизм заңы бойынша соңғы дауыссыз дыбыстарының (р/з/ш) сәйкестігіне байланысты. Осыған байланысты «түр» мен «түс» түбірлері о бастан бір сөз болып, даму нәтижесінде екі дербес сөзге айналуы ықтимал. «Түр» түбірінің мағынасын «қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» «ажар, пішін, әлпет» және «бір заттың бетіне салынған әртүрлі өрнек» деп, түс түбірінің мағынасын «түр, келбет, нұсқа, рең» деп түсіндіреді. Бұл анықтамалардан түр мен түстің айырмашылығынан гөрі өзара жақындығы көбірек сезілетін тәрізді.

«Түр» көбінесе заттың, құбылыстың сыртқы бейнесін, әрі алуан формасы мен қалпын бағдарласа, «түс» сөзі көбіне көп сол зат пен құбылыстың реңкін, бояуын, өнің білдіретін сияқты [1; 22].

Түр-түс атаулары қазақ тілінде басқа тілдер сияқты біршама зерттелген категория (І.Кеңесбаев, Н.Сауранбаев, А.Ысқақов, М.Балақаев, С.Аманжолов, Ғ.Мұсабаев, Ж.Шәкенов). Кейбір түс атауларының шығу тарихы мен тілдік табиғатын қарастыратын зерттеулерді, көбінесе, Орхон-Енисей және орта ғасырлық жазба ескерткіштерге арналған еңбектерден де кездестіруге болады. Бекешева Р.Е. «Түр-түс атауларының мақал-мәтелдегі концептілік негіздері» деген мақаласында түр-түстің мақал-мәтелдерге қатысты концептісін анықтайды.

Түркологияда қалыптасқан дәстүр бойынша әрбір салалық фразеологизмдер өз ішінде толып жатқан тақырыптық топтарға жіктелуі мүмкін. Тақырыптық топтар дегеніміз – бір саладағы мақал-мәтелдердің және тұрақты сөз тіркестердің іштей жіктеліп мазмұн, мағына, тақырып жағынан бір-бірінен оқшауланып не өзара шоғырланып тұратын тобын айтамыз.

Осы принципке сай түр-түске байланысты мақал мәтелдер мен тұрақты сөз тіркестерін төмендегідей топтарға бөлуге болады. Олар:

- табиғатқа байланысты;
- адамға байланысты. Бұл топқа адамның психикалық-физиологиялық ерекшеліктерін, моральдық қалпын, іс-әрекетін, ойлау, сөйлеу қабілетін, туыстық қатынастарын, сыртқы тұлғасын, адамдар арасындағы өзара қарым-қатынасын, тән және жан қажеттіліктерін білдіреді;
- әлеуметтік, қоғамдық тұрмыс-тіршілікке, салт-дәстүр, наным-сенімге қатысты;
- алғыс-қарғыс, тілек-тілеу және мадақтауға байланысты тұрақты тіркестер және мақал-мәтелдер.

Мақал-мәтелдер халық – даналығы. Олар белгілі бір халықтың дүниетанымын, табиғат, қоғам құбылыстарын өз тұрғысынан бағалауға, қоғамдық қарым-қатынасты, салт-сананы, әдет-ғұрыпты, наным-сенімді анықтауға арналған сан ғасырлық тәжірибенің жиынтығы. Сондықтан да мақал-мәтелдердің мәдени, рухани өмірімізге қатысы жоқ саласы кездеспейді. Тіл мүмкіншілігін мейлінше кең пайдаланып, ылғи толығып, толассыз дамып отыратын осы қазынамыз түр-түс атауларын да мол қамтиды екен.

Дегенмен, мақал-мәтелдердің түр-түс әлеміне қатыстығын сөз еткенде айта кетер жағдайлар да бар. Солардың бірі – мақал-мәтел жасаушы түр-түске қатысты тіркестердің көбі өздерінің түстік мағынасында қолданылмайды. Кез келген осындай тіркесті ашып қарасақ, бірден байқала бермейтін, түп негізі, дүниеге келу жолы тіпті арыдан басталатын экономикалық, әлеуметтік, этнографиялық салт-санамен астарлас жатқан ұғымдарға, түсініктерге барып саятынын көреміз.

«Ақ» түсі. Тұрақты сөз тіркестерін жасаушы түр-түс атауларының

ішіндегі төресі – «ақ» сөзі. Бұл сөз басқа түркі тілдерінде ақ (татар) // аг (азербайджан) // ак (түрікмен) // ок (тува) // юринг (якут) формасында қолданылып, бір-біріне жақын үш топ мағына аңғартады [1;32]:

«ақ» деген негізгі түр-түстік мағына («белый»). Оның төңірегіне:

-ақшыл («белизна»), көздің ағы («бельмо»), жұмыртқаның ағы («белок»), жарық түс («светлый»), шаштың, сақалдың ағы («седой», «седина»), ақ боз («сивый»), өңсіздік («бледный»), сүт тағамдары («молочные продукты»), боз түсті кездеме («бельевая ткань»), т.б. мағыналар туған;

-«ақ» сөзінің ауыс мағыналары: кіршіксіз таза («чистый», «незапятнан ный»), айыпсыз («невинный», «безгрешный»), ақ жүрек, адал («честный», «чистосердечный»).

-керемет, тамаша, ғажайып мағынасында [1,32].

«Ақ» сөзінің этимологиясы жөнінде, оның заттық не түстік негізі жайында түркологтар арасында тиянақты пікір жоқ. Кейбір ғалымдар, мәселен, М. Менгес, М. Рясянен т.б. «ақ» сөзінің қытай тілінен енген кірме сөз деп қарайды. Бұл пікірмен келісу қиын. Өйткені қытай тілінен түркі тілдеріне енген элементтердің таралу шегі белгілі региондармен шектелген. Бұл көне де байырғы түркі сөзі [1,33].

«Ақ» сөзі қазақ тілінде аса бай, соншалықты нәзік сан қырлы сырлы мағынаға ие. Жалпы халқымыз киелі нәрселер мен қасиетті заттарды ақ атауымен атап, оларды аққа балаған. Себебі, бұл қазақтың ең қасиетті тағамы – сүттің түсі. Сондықтан да сүттің түсі қазақ ұғымында көптеген жағымды ұғымдардың рәмізіне айналған. Осы бір жақсылықтың, адалдықтың, әділдіктің белгісі болып саналатын ақ сөзі мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркес құрамында бұдан өзге де мән-мағынаға ие болады.

Ақ түсіне байланысты тұрақты тіркестер

Бұл саладағы тұрақты тіркестер табиғат құбылыстарын, жер мен оның бедерін, жыл, ай, апта, тәулік мерзімінің әртүрлі көрінісін анықтауға қатысады.

Ақ туман – боз тұман, ақ бұлттай ұйыған туман [1,35].

Ақ жсауын – ұзаққа созылып майдалап жауатын жаңбыр [1,23].

Ақ түтек боран – көз ашқысыз желдете жауған қар [1,35].

Ақ қар, көк мұз – қыстың қақаған аязды кезі [1,35].

Ақ тақыр – беті кеуіп, шаңдағы шығып жатқан тақыр [1,35].

Ақ алаң шақ – уақыт мезгілі, елең-алаң, таң атып келе жатқан кездегі немесе күн батып бара жатқан кездегі көк жиектің бозарыңқы тартуы [1,35].

Ақ адыр – жем-шөбі мол тау сілемі [1,36].

«Қара» түсі. Басқа түркі тілдерінде: кара (татар) // гара (азербайджан) // гара (түрікмен) // қора (өзбек) // қара (қырғыз) // қара (тува) // хара (якут) тұлғаларында келеді.

Ал табиғатта, адам қоғамында басқа түр-түстер сияқты қара түстің де толып жатқан ауыспалы, шартты, символикалық мағыналары бар. Бұл тек

қазақ тілінде ғана емес бүкіл түркі дүниесіне ортақ құбылыс. Түркі тілдеріндегі түр- түс атауларының мағынасын арнайы зерттеген академик А.Н.Кононов тек «қара» сын есімнің өздерінде ғана 20 шақты қосымша, қосалқы, ауыспалы мағыналар бар екенін ескертеді. Олар орысша мынандай сөздердің баламасы ретінде қолданылады: 1) « темный»,«мрачный»; 2) «суровый»; 3) «печальный», «несчастный»; 4) «скот»; 5) «талпа» т.б.

Табиғатқа байланысты түр-түстердің қолданылу ерекшелігі.

Қазақ халқы да табиғат құбылыстарын бақылай отырып, ауа райын дәл болжай білген. Ұзақ күндер бойы ұлан ғайыр дала төсінде мал бағып, түнде жұлдызды аспан астында мал күзете жүріп, қазақ халқы аспан денелерін, табиғат құбылыстарын, жануарлар мен құстардың мінез-құлқындағы өзгерістерді бақылай келе табиғат құбылыстары жайында құнды да бағалы тәжірибе жинақтаған [2, 119].

Сәуір болса күн күркірер,

Күн күркіресе, көк дүркірер.

Сәуірде жаңбыр мол болса, көк те мол болады. Көк жеген малдың сүті де болады. Қазақтың «сәуір болмай, тәуір болмас» дейтіні де сондықтан. Сәуір айында жауын-шашын көп болса, көк те көп болады [2, 120].

Табиғатқа байланысты да тіркестер кездеседі.

Көк – аспан әлемі мағынасын береді [1,74].

Жеті қат көк. Бұл сөйлемдегі жеті қат көк – шырқау биік, шексіз аспан мәлім береді. Байырғы шығыс астрономдарының кеңінен қолданған термині. Мұндағы жеті саны жеті жұлдызға сәйкес келеді [1,74].

Көк шалғын. Көк шалғын – шөбі мол жайсаң жерді бейнелейді [1,74].

Көк тайғақ. Алдыңғы күні түскен қалың қардан көше көк тайғақ (Исабеков Д. Таңдамалы, Т. 2, 100), [1,74].

Көктемнің көк өзегі. Осылар келеді, осылар жейді, осылар рахатын көреді деп көктемнің көк өзегінде берілген белді бір жазбай ертеден қара кешке дейін терімнің бекер болғаны ма? (Исабеков Д. Таңдамалы. Т. 2,313). Көктемнің көк өзегі – көктемнің қиын кезін бейнелейді [1,75].

Адамға байланысты түстердің мән мағынасы.

«Ақ – шындықтың, қуаныштың, бақыттың символы»-дейді Ә.Марғұлан. Ал қазақ халқының жанына жақын, көңіліне қалаулы түс – ақ түс. Себебі, қазақта ақ – пәктік пен ақтықтың нышаны, қуаныш пен жақсылықтың белгісі, махаббат, үміт, қайырымдылық деген ізгі сезімдердің символы. Өйткені бұл қазақтың ең қасиетті тағамы – сүттің түсі.

Өмірдегі заттар мен құбылыстардың сапасы мен қасиеті қандай болса да, олардың бір қатарын ақ деп айқындау ұлттың мол мейірім, іңкәр көңілінің, үлкен үміт, телегей тілегінің, шалқар сезімінің, асыл арманының куәсі [3;20].

Ағаның үйі – ақ жайлау, інінің үйі інгішек /ауыс/. Жасы үлкен аға-жеңгенің үйіне барған інісі, әдетте, арқасы кеуіп, қол-аяғын еркін ұстайды, ал іні мен келіннің үйіне барған аға-жеңге қысылып, қымтырылып, онша бір

еркіндікті сезбейді. Өйткені ағаның үйінде інісі мен келінді көлдей көңіл, кең пейілмен қарсы алады да, інінің үйі дәл сондай ықылас білдіре алмайды – үйі тар, дастарханы жұпыны келеді. Демек, бұл «ағаға тән көңілдің кеңдігі мен жомарттығы ініде бола бермейді» дегенді аңғартады [4,165] деп, Ә. Қайдар халық даналығы кітабында түсінік беріп кеткен. Ал «ақ» түсі сонда ауыс мағынада адамның көңілінің кеңдігін білдіріп тұр.

Ақ пейілдің аты арып, тоны тозбайды /ауыс/. Пейілі кең, ниеті түзу адам берекеге кенеліп, бақ-дәулеті тасып, жаны жомарт жүретіндіктен, ол ел-жұртқа қызмет етуден шаршамайды, жалықпайды, аты да арымайды, тоны да тозбайды [4, 184].

Ақтың атын ақымақ өшіре алмайды /ауыс/. Барша өмірін адал еңбекпен өткізіп, жақсылықтың, игіліктің отын тұтатып, таза жүріп, таза тұрған адамның істеген оң ісін есерсоқ, ақымақ адамдар жоққа шығара алмайды, себебі «адамның оң-теріс ісіне әрқашан да қауымның өзі-ақ әділ бағасын бере алар» [4,185].

Дененің ақтығы мен қаралығы моншаға түскенде белгілі. 1. Адам үнемі киім киіп жүретін болғандықтан, дене түсі басқаларға білінбейді. Оны тек шешініп, моншаға түскенде көруге болады; 2. Адамның сыры ішінде, оның сырт пішініне, түр-түсіне қарап білуге болмайды, оны тек реті келгенде, іш сырын ақтарысып сөйлескенде ғана білуге болады [4; 273].

Табиғаттың енді бір ғажабы, жаратылыс кереметі – адам. Бұл саладағы тұрақты тіркестерді төмендегідей топтарға жіктеуге болады:

А) Адамның сыртқы қабілеті, түр-тұлғасын портретін сипаттайтын тіркестер.

Ақ құба – сұлу, сымбатты кісінің көркі туралы айтылады.

Ақ маңдай – әйелге тән әдемілікті, қабілеттілікті аңғартады.

Ақ білек- әдемілікті, қабілеттілікті ажарлайды [1,36].

Ә) Адамның жеке басына тән қасиеттерді, ішкі жан дүниесін айқындайтын оралымдар.

Ақ жүрек – таза, адал көңілді аңғартады.

Ақ пейіл- кіршіксіз, таза пейілді айқындайды [1,37].

Ақ көз – надан, ақымақ, қараңғы деген мәнді береді.

Ақ адам- адал, таза, жақсы адам [1,38].

Б) Адамның физикалық қалпын, физиологиялық ерекшеліктерін бейнелейтін тұрақты тіркестер.

Ақ тер, көк тер болды – кара суға түсті.

Қосағымен қоса ағару – өмірлік жарымен бірге қартаю мағынасын береді.

Ақ сайтаны ұстады – ашу-ызасы келді, арқасы қозды деген мағынада.

Азынан ақтарылды – еш нәрсені жасырмады, ішіне еш сыр бүкпей, ашық айтты, бар сырын ақтарды дегенді білдіреді [1,38].

Ақ сүтін ақтау – адал ниетімен борышын өтеу, ата-ананың ізгі тілегін орындау. Қазақ халқы дүние тұтқасы, барлық тіршіліктің бесігі, адамзат

өмірін өрбітуші ананы «ақ ана» дейді, оның махаббат мейірімімен, іңкәрлік сезімімен қайнар бұлақтай құйылған тіршілік нәрін – «ақ сүт атаған».

Көзін ағартты – ізін таптырмай кетті [1,39].

Қазақта қуаныштың, адалдықтың, сән-салтанаттың, жақсылықтың символына айналған ақ түске қарама-қарсы қайғы қасіреттің, жамандықтың белгісі – қара түс. Қара түске байланысты мақал-мәтелдерде адам бойындағы жаман қасиеттерге қатысты айтылса керек.

Қарау адам – күншіл, Мекер адам – міншіл. Қарау адамның қараулығы барды көре алмауға байланысты болса, қу адамның мекерлігі – біреуге мін таққыштығы, кемітіп-кемсітіп отыруы [4,389].

Айғыр туған жампоз бар, нар демесең нанғысыз,

Қарадан туған жігіт бар, ханға күнін салғысыз [5,57].

Мұндағы қара ханның төменгі сатысы, күнінен туған жігіт мағынасында берілген.

Жаман адам – құлқынның қара қабы. Кәрі атын мақтаған қара жаяу қалар [5,47] деген мақалдарда қара түсі адамға байланысты қолданылса керек.

Тұрмыс-тіршілік, әдет-ғұрып, сенім-нанымға байланысты түр мен түс семантикасы.

Бұл тақырыпқа байланысты ақ түсімен тіркесетін мақал-мәтелдер.

Ақ серке қой бастайды,

Ақын жігіт той бастайды. Мұнда ақ серке деп кәдімгі малға қатысты түс тура мағынасында айтылса керек.

Ақ қар көп болса,

Ақ нан көп болар. Бұл мақал жалпы еңбекке қатысты айтылғанымен, ақ түсі қардың, нанның түсін білдіріп тұр.

Ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс – айтқаны болған, әмірі жүрген, айтқаны екі болмайтын [1;40].

Ақ киізге отырғызды – Ақ киізге орап, хан сайлады. (Бұрын хан сайлағанда, ақ киізге көтеріп отырғызатын, топ алдынан ақ киізге салып көтеріп өтетін болған) [1,40].

Ақ ауыл – қараша үйлі ауылдан бөлек, оқшау отыратын шымқай ақ үйлі бай ауыл [1,42].

Ақ жаулық – әйел, жұбай дегенді білдіреді. Неке қию кезінде күйеу қалыңдығының жеңгелеріне ақ жібектен, бөзден, бәтестен көйлектік кездеме сыйлайды, сол кездемелердің бір шаршысы қалыңдықтың қасына жабылады [1,42].

Ақ дастархан – адал көңіл, таза ниетпен жайылған дастархан. Қазақ кез келген адамды шын ниетімен қарсы алады, барын алдына қояды. Адамға деген құрметі қазақ халқының өмірге деген құштарлығын айқындайды [1, 45].

Алғыс-қарғыс мәндегі түстердің мағынасы.

Жүзі қара! (қарғыс). Жүзі қара – ұятсыз, арсыз, қара бет мағынасын береді.

Қараң өшкі! (қарғыс). Қараң өшкір – көзің жоғалсын мәнін аңғартады.

Көсегең көгерсін! (алғыс). Бұл тіркес өркенің өссін, бағың ашылсын мәнінде [1;79].

Қорыта айтқанда, мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер белгілі бір халықтың дүниетанымын, табиғат, қоғам құбылыстарын өз тұрғысынан бағалауға, қоғамдық қарым-қатынасты, салт-сананы, әдет-ғұрыпты, наным-сенімді анықтауға арналған сан ғасырлық тәжірибенің жиынтығы. Сондықтан да олардың мәдени, рухани өмірімізге қатысы жоқ саласы кездеспейді. Тіл мүмкіншілігін мейлінше кең пайдаланып, ылғи толығып, толассыз дамып отыратын осы қазынамыз түр-түс атауларын да мол қамтиды екен.

Түр мен түске байланысты мақал-мәтелдер мен тұрақты сөз тіркестері тақырыптық жағынан топтастырғанда анықтағанымыз: адамға байланысты оның сырт келбетін, психикалық-физиологиялық ерекшеліктерін, моральдық қалпын, іс-әрекетін, ойлау, сөйлеу қабілетін, туыстық қатынастарын, адамдар арасындағы өзара қарым-қатынасын, тән және жан қажеттіліктерін бейнелейтін тіркестер өте мол.

1. *Ахметжанова Ф., Р.Қайырбаева. Түр-түске байланысты тұрақты сөз тіркестері. - Алматы, 2001-131б.*

2. *Жүсіпова Р.Б. Табиғат құбылыстарына қатысты ағылшын және қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы.- №8.*

3. *Қанапина С.Ф. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің концептілік негіздері (Ф.Мұстафин, С.Мұқанов шығармалары негізінде): Фил.ғыл.канд. ... дисс. - Алматы, 2006.*

4. *Қайдар Ә. Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу).- Алматы, 2004.*

5. *Тұрманжанов Ө., Ақтамбердіұлы К. Қазақтың мақал-мәтелдері. Алматы: Раритет, 2004 - 439 б.*

Резюме

В статье рассматриваются семантика наименования вида и цвета в используемых устойчивых сочитаниях, поговорах и пословицах.

Summary

The article deals with the semantics of the name of the type and color used in the stable promptness and sayings.

К ПРОБЛЕМЕ ФУНКЦИОНИРОВАНИЯ СПОРТИВНЫХ ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ

Г.Абдусаттарова –

ученица 11-класса гимназии № 15 г. Алматы,

А.Андреева –

ученица 11-класса гимназии № 15 г. Алматы,

Л.С.Муканова–

учитель гимназии № 15 г. Алматы,

А.А.Майбалаева –

к.п.н., ст.преподаватель КазНМУ им. С. Асфендиярова

В 2011 году Казахстан впервые в своей истории станет столицей VII Зимних Азиатских игр. Этот статус важен не только для укрепления международного авторитета нашей страны. Азиада должна сильно изменить сознание наших граждан, особенно молодежи.

Психологическая установка на здоровый образ жизни начинается в нашем сознании и в нашей речи. Необходимо повышать интерес молодежи и особенно школьников к спорту. Для этого большое значение имеет обогащение их словарного запаса терминами и устойчивыми выражениями из области спорта. Если спортивные термины и фразеологизмы как казахского, так и русского языков станут понятными, привычными и коммуникативно необходимыми для представителей подрастающего поколения, это не только будет поддерживать их интерес к спорту, к здоровому образу жизни, к нормальной здоровой конкуренции, но и развивать общую и речевую культуру. Все это в свою очередь будет способствовать сохранению здоровья подрастающего поколения нашей страны, его гармоничному духовному и физическому развитию. Кроме того, все мы должны стать самыми активными болельщиками VII Зимних Азиатских игр, хорошо понимать и правильно употреблять казахскую и русскую спортивную лексику и фразеологию, чтобы быть в курсе текущих событий Азиады и поддерживать наших спортсменов. Это наш гражданский долг. Вышесказанное обуславливает актуальность избранной темы.

Спорт стал частью культурной и социальной жизни общества и является одной из составляющих картины мира. Спорт переплетается со многими сферами общественной жизни человека.

За последние десятилетия спортивная терминология получила невиданные темпы развития. Это связано с тем, что интенсивно развиваются как сами виды спорта, так и околоспортивные сферы (спортивная медицина, система судейства и контроля, спортивное оборудование и оснащение),

возрос уровень организации спортивных соревнований во всем мире. Для обозначения всего этого в языках появляются новые слова.

С момента провозглашения Казахстаном независимости и обретения казахским языком статуса государственного далеко шагнула вперед и терминология нашего языка, в т.ч. и спортивная. И хотя большая часть спортивных терминов имеет иноязычное происхождение и является международной, в настоящее время в казахской речевой практике нет существенных трудностей с переводом или подбором эквивалентов спортивных терминов и фразеологизмов. Широко развивается спортивная журналистика, издаются спортивные газеты и журналы как на казахском, так и на русском языках. Наши граждане имеют возможность получать и понимать полноценную и абсолютно идентичную информацию о спортивных новостях, независимо от того, на каком языке они привыкли говорить. Этот факт, безусловно, радует

Под спортивной лексикой понимается пласт словарного состава языка, отражающий такую деятельность человека, которая требует как физического, так и волевого напряжения и усилия, являя собой профессиональную и рекреативную деятельности человека. Спортивная лексика по своим семантическим и функциональным особенностям распадается на общеупотребительную и терминологическую, или научную. /1/

В свою очередь под общеупотребительной спортивной лексикой понимается тот слой языковой картины мира, который основан на ненаучных понятиях, передаваемых языком, и который отражает представление о спорте, характерное для "среднего интеллигентного носителя языка".

Под монокомпонентными понимаются слова спортивной лексики, а под поликомпонентными - словосочетания, входящие в спортивную лексику. Среди поликомпонентных спортивных терминов выделяются словосочетания с прямым значением: *абсолютный вес, судейская группа, предварительный заплыв, центральный защитник, спринтерское многоборье, пассивная оборона, гимнастический обруч, лыжный переход, кроссовый бег, бег на длинную дистанцию, бег на короткую дистанцию, бросок мяча двумя руками, международная лига хоккея на льду, член олимпийской сборной команды* /2/ и др., а также устойчивые словосочетания с переносным немотивированным значением, т.е. *спортивные фразеологизмы: гол престижа, королева спорта, первая ракетка мира, сухой счет, на грани фола, скамейка запасных, сравнять счет, олимпийское золото (серебро, бронза), хозяева поля (льда, корта), играть «на втором этаже»* и т.п.

Спортивная фразеология представляет собой уникальнейшее языковое явление.

Состав спортивной фразеологии условно разделяют на три группы:

1. Фразеологизмы, имеющие прямое указание на свою спортивное происхождение) (*гол престижа, на грани фола*).

2. Фразеологизмы, не имеющие прямого, но имеющие косвенное указание на свою спортивную этимологию (*сравнять счет, сухой счет, первая ракетка мира*).

3. Группа «полуспортивных» фразеологизмов, не имеющих ни прямого, ни косвенного указания на связь со спортом (*хозяева поля, игра на втором этаже* и т.п.).

Для фразеологических единиц спортивной фразеологии характерна высокая мотивированность фразеологических значений и их тесная синхронная связь с буквальными значениями компонентов фразеологизмов. Большинство фразеологических единиц спортивной фразеологии экспрессивно окрашены, причём большая часть из них сочетают в себе категории образности и эмотивности, а меньшая - образности, эмотивности и интенсивности. Превалирование категории образности в спортивной фразеологии объясняется тем, что спортивные фразеологические единицы в первую очередь являются спортивными терминами и их понимание в переносном, образном значении обусловлено их широким распространением. Распространённость категории эмотивности в спортивной фразеологии обусловлена яркой эмоциональной оценкой (положительной или отрицательной) происходящего, присущей спортивным состязаниям. Сравнительно небольшую долю интенсивности можно объяснить большими различиями в правилах различных видов спорта, тесной связью фразеологических единиц спортивной фразеологии с правилами вида спорта, с которыми они связаны деривационно.

Соотношение фразеологических единиц спортивной фразеологии с положительной и отрицательной оценкой является примерно равным, что не совпадает с общей тенденцией превалирования во фразеологии фразеологических единиц с отрицательной оценкой. Многие фразеологические единицы спортивной фразеологии имеют двойственную оценку, зависящую от того, на чьей стороне находится говорящий. В спортивной фразеологии явно прослеживается преобладание фразеологических единиц с оценочной внутренней формой над фразеологическими единицами, имеющими один или несколько оценочных компонентов. Преобладание в спортивной фразеологии фразеологических единиц с эксплицитной оценкой над фразеологическими единицами с имплицитной оценкой можно объяснить тем, что спортивная жизнь предполагает заинтересованность в ней человека, зрителя. Людям трудно относиться нейтрально к событиям, происходящим во время спортивного состязания. Это явление нашло своё отражение и в спортивной фразеологии - говорящий, употребляя спортивный фразеологизм невольно ставит себя на место одной из противоборствующих сторон или её болельщика /3/.

Спорт как социальное явление XXI века стал одним из самых необходимых элементов в жизни общества. Сегодня спорт что-то большее, чем просто спорт. Спорт – это глобальный бизнес, а значит, модель

современной экономики. Это глобальное состязание стран и социальных систем, значит, модель современной политики. Это прямой диалог разных наций, рас и цивилизаций, а значит, модель современной культуры.

Спортивная терминология и фразеология в наше время стала наиболее употребляемой и представляет социальную значимость как для средств массовой информации, так и для специалистов разных областей знаний.

Чтобы выяснить, насколько популярны спортивные термины и фразеологизмы в речи старшеклассников, мы провели анкетирование среди учащихся старших классов нашей школы. Анкета была составлена на казахском и русском языках. Целью анкетирования было выявление отношения подрастающего поколения к спорту вообще, к предстоящей Азиаде, к нашим спортсменам и к спортивной речи. Большое количество тех или иных вариантов ответов свидетельствовало о разном отношении учеников к спортивной сфере: А – увлеченность спортом; Б – повышенный интерес к спорту; В – пассивный интерес к спорту; Г – отсутствие интереса к спорту

Результаты анкетирования показали, что значительной части опрошенных характерен пассивный интерес к спорту. Часть респондентов продемонстрировала повышенный интерес к спорту. Примерно у соотносительно равного количества учащихся наблюдается или увлеченность спортом или отсутствие интереса к нему. В то же время анкетирование показало, что большинству наших сверстников, к сожалению, свойственно отсутствие интереса к словам и устойчивым выражениям, связанным со спортом.

Для того, чтобы наше поколение выросло здоровым и конкурентоспособным, необходимо, чтобы спорт стал частью нашей повседневной жизни. Соответственно спортивные термины и фразеологизмы должны стать частью нашей повседневной речи. Мы с большой надеждой ждем начала Азиады. Впервые в истории зимних Азиатских игр состоится зимняя Эстафета огня. Эстафета огня, как и сами азиатские игры, должны стать обсуждаемой темой среди наших сверстников, предметом их разговоров, споров, дискуссий. Спортивные термины и фразеологизмы в этом случае смогут значительно пополнить их словарный актив и занять прочное место в молодежной речи.

Спорт в настоящее время стал неотъемлемой частью профессиональной, культурной, экономической, социальной и политической жизни общества. К сожалению, в некоторых регионах мира забывают о том, что каждые Олимпийские игры должны проходить под девизом "мирного неба" и прекращения ведения боевых действий в период их проведения.

Сегодня спорт нечто большее, чем просто спорт. Спорт – это глобальный бизнес, политический вектор, состязание стран, прямой диалог разных народов и цивилизаций, модель современной культуры. Кроме того, спорт выполняет большую объединяющую, консолидирующую и

регулятивную функцию в обществе. Он способствует формированию правильного мировоззрения у подростков, вытесняет из их жизни нездоровые интересы, препятствует развитию вредных привычек.

В преддверии Азиады все мы должны серьезно подготовиться к восприятию большого потока спортивной информации, стать более компетентными в области спорта. Поэтому освоение спортивной лексики и фразеологии как казахского, так и русского языков должно стать нашей общей задачей. По завершении работы над проектом мы пришли к следующим выводам. Наши сверстники и даже взрослая часть населения нашей страны, за исключением профессиональных спортсменов, тренеров, спортивных фанатов, недостаточно хорошо знают и понимают спортивную лексику и фразеологию. Это если не главная, то, по крайней мере, косвенная причина того, что многие наши граждане скептически относятся к спорту, особенно к отечественному. Как показывает анализ устной речи школьников, студентов, молодежь, можно сказать, в совершенстве владеет нецензурными выражениями, жаргонной лексикой, отдельная ее часть активно изучает иностранные языки, осваивает компьютерную, экономическую лексику. Но для спортивных терминов и устойчивых выражений в их лексиконе отводится лишь незначительное место.

Статус столицы VII Зимних Азиатских игр, а также приоритет формирования здорового образа жизни, здоровой молодежи, здорового будущего обязывают нас серьезно взяться за комплексное решение данной проблемы. Начинаться решение этой проблемы должно в школе. На наш взгляд, работе над спортивными терминами и фразеологизмами необходимо уделять больше внимания как на языковых предметах (казахский, русский английский языки), так и на уроках физкультуры. Среди школьников и студентов нужно организовывать конкурсы, олимпиады, викторины на знание спортивной лексики и фразеологии, давать им творческие задания, связанные с языком спорта. Молодежь станет ближе к спорту, если разнообразить и увеличить число спортивных секций во всех средних и высших учебных заведениях, и не только в крупных городах, но и во всех населенных пунктах нашей страны.

1. *Кожабекова Н.А. Изучение спортивной терминологии в практическом курсе русского языка в неязыковом вузе. – Алматы, 2001.*

2. *Кожабекова Н.А. Обучение студентов факультета физической культуры специальной лексике в практическом курсе русского языка. – Алматы, 2002.*

3. *Шафранова Н.А. Семантико-функциональная характеристика спортивной лексики в современном английском языке: Дис. ... канд. филол. наук. - Пятигорск, 2005 - 239 с.*

4. *Гаврин С.Г. Фразеология современного русского языка.- Пермь, 1974.*

5. Кунин А.В. Курс фразеологии современного английского языка. 3-е изд., доп. и перераб. - М., 1996.

Түйін

Бұл мақалада қазақ және орыс қостілділігі жағдайындағы спорт терминдері мен фразеологизмдерінің қызметі және олардың спорттық патриотизмді қалыптастырудағы, жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттаудағы рөлі қарастырылады.

Summary

The problems of the functioning of sports terminology and phraseology in the Kazakh-Russian bilingualism, says their role in shaping the sport of patriotism and educating young people to the sport.

КАЗАХСКО-ЯКУТСКИЕ ЛИТЕРАТУРНЫЕ СВЯЗИ КАК ОТРАЖЕНИЕ ДИАЛОГА КУЛЬТУР

С.И. Ефремова -

*ГОУ ВОП Якутский государственный
университет им. М.К.Аммосова*

Взаимодействие культур – сложный социокультурный механизм, обеспечивающий, с одной стороны, взаимопонимание и взаимообогащение разных народов, с другой стороны, активизирующий их стремление к сохранению самобытности и уникальности национальной культуры. Как показывает история, данные процессы имеют разную периодичность, степень интенсивности и устойчивость изменения.

Взаимодействие культур – это естественный, исторически обусловленный процесс взаимоотношения народов, сложный и многоаспектный, содержанием которого является расширение и углубление культурных связей между народами, приводящий к возникновению и дальнейшему росту культурной и духовной общности народов, живущих в одном государстве. Процесс взаимодействия национальных культур народов постсоветского пространства, в результате развития которого исторически складывается культурная общность, выступает как объективная тенденция совершенствования межнациональных отношений.

Социально-политические трансформации постсоветского периода истории нашей страны обнажили - наряду с другими проблемами - особую остроту взаимодействия национальных культур как фактора совершенствования межнациональных отношений в стране. Взаимодействие культур казахского и якутского народов— объективный процесс, имеющий

глубокие исторические корни. Результатом такого взаимодействия является формирование национальных культурных ценностей тюркских народов. Именно развитие взаимодействия культур народов, является незыблемым гарантом формирования нравственных основ взаимодействия государств, гражданского общества. Еще одним важным ресурсом взаимодействия казахского и якутского народов являются исторические корни, духовные взаимосвязи, тенгрианство как ключ к пониманию мировоззрения и образа жизни двух некогда кочевых народов. Культ Тенгри связывает тюркские народы с доисторических времен [1].

Взаимодействие в общественном развитии отражает процессы воздействия объектов друг на друга, их взаимную обусловленность, порождающую новое качество. Взаимодействие — объективная и универсальная форма движения, развития - определяет существование и структурную организацию любой материальной и духовной системы.

Здесь мы солидарны с определением Л.М.Дробичевой, что «взаимодействие культур - это объективный процесс, но, естественно, активность его зависит, условно говоря, от готовности почвы для контактов. Всякое культурное, так же как и идеологическое, влияние социально обусловлено. Эта обусловленность определяется закономерностью предшествующего национального развития литературы, искусства и широтой их распространения в массах. Для того, чтобы какое-либо влияние стало возможно, должна существовать потребность в таком культурном импорте, наличие аналогичных тенденций развития, более или менее оформленных в конкретном обществе» [2]. Таким образом, процесс взаимодействия культур вызывается, с одной стороны, интеграционными процессами современного общества, синтезом каких-то элементов культуры, а с другой стороны, сам вызывает усиление процессов этнической самоидентификации и противостояния «чужой» культуре, воспринимаемой как внешнее явление.

«Диалог, взаимопроникновение (ассимиляция и даже поглощение в области взаимоотношения культур - это лишь частные проявления диалога) есть не только способ взаимодействия культур, но и условие их развития. Закрытые культуры, оставаясь внутренне самодостаточными, как и всякая культура, - культуры обреченные. Культура - прежде всего развитие. Открытость другому культурному миру есть не что иное, как одно из наиважнейших условий развития культуры, по крайней мере во времени выхода человечества из первобытных времен» [3].

Актуальной остается задача совершенствования межнациональных отношений, в том числе и в сфере литературных связей.

Кровные братские и дружеские связи казахского и якутского народов своими глубокими корнями уходят в седую древность, которые отражены в устном народном творчестве двух народов.

Братская дружба казахского и якутского народов началась еще до Октябрьской революции. Казахский врач Мухамеджан Карабаев до

революции жил и работал в Верхоянске, Колыме, Олекминске, а известный казахский революционер Угар Джанибеков, как участник Ленских событий, отбывал ссылку в далекой Якутии.

Выдающийся сын якутского народа, видный государственный деятель М.К.Аммосов в начале 30-х годов был направлен в Казахстан. В 1932-1936 годы работал первым секретарем Западного и Северного Казахстанского обкомов в ВКП(б).

Братские узы дружбы наших народов и литератур особенно прочно укрепились в 30-е годы, хотя еще в 20-х годах, будучи студентом, в Московском институте журналистики поэт Якутии С.Р.Кулачиков - Элляй подружился с казахским поэтом И. Джансугуровым. По приглашению друга побывал в солнечном Казахстане и воспел ее сказочную красоту в поэтических произведениях «Ала-Тау» и «Домбра».

Известный якутский прозаик С.С.Яковлев - Эрилик Эристин в 1934-1935 годы приезжал в творческую командировку в Казахстан и под впечатлением этой поездки создал интересную повесть «Сыны революции». В ней Эрилик Эристин в образах казахских сирот Абдукуллы и Мундербек Орунбаевых разрабатывал тему борьбы ранее угнетенных народов за Советскую власть и показывал формирование мировоззрения молодежи в процессе переустройства старого мира. Новое поколение якутских читателей до сих пор с большим интересом читает повесть.

Незабвенный народный поэт Якутии Семен Данилов в конце 60-х годов впервые возглавил поездку якутских писателей в Казахстан. В начале 70-х годов Казахский писатель, большой друг якутских писателей Калаубек Турсункулов и группа писателей Казахстана посетили якутскую республику. С тех пор развиваются тесные литературные контакты с писателями Казахстана.

На якутском языке звучат многие произведения казахских писателей. Переведены на якутский язык книги Джамбула Джабаева, Олжаса Сулейменова, Калаубека Турсункулова, Мухтара Ауэзова, Турсынай Оразбаевой и многих других.

У нас с большим успехом пользуются сборники поэтических и прозаических произведений казахских писателей под названием «Звуки домбры», а также сборник повестей лауреата премии имени Сакена Сейфуллина Калаубека Турсункулова - «День был чудесный» и его книга-эссе «Пароль: «Здравствуй, Якутия». В 1991 году в связи с проведением Дней казахской литературы в Якутии вышел сборник прозаических и поэтических писателей Т.Абдикова, М.Байгутова, М.Зульфугарова, У.Есдаулетова, Т.Оразбаева, Т.Иманбекова, О.Сарсенбаева и других. О трудолюбивом, гостеприимном казахском народе слагают песни и стихи наши поэты Моисей Ефимов, Савва Тарасов, Наталья Харламьева, Николай Урсун, Анатолий Старостин и другие. После поездок якутских писателей в Казахстан появились в печати путевые заметки и сборник воспоминаний

«Незабываемые встречи», где писатели С.Руфов, Д.В.Кириллин, Н.Винокуров-Урсун и другие высказали искренние слова благодарности в адрес казахских друзей. А произведения и переводы В.М.Новикова-Куннук Урастырова, Алексея Михайлова, Леонида Попова, Ивана Федосеева, Петра Аввакумова и других остаются в памяти якутского народа.

В 1972, 1983, 1991 г.г. в Якутии проводились Дни казахской литературы.

В 1965 году делегация якутских писателей впервые посетила Казахстан. В результате этого посещения в 1965 году был выпущен сборник стихотворений на казахском языке - «Якутские рассказы», в который вошли лучшие произведения якутских писателей. А в 1972 году на якутский язык был переведен сборник стихов Джамбула Джамбаева. Так же в этом году были выпущены новые издания сборников на казахском языке: Семена Данилова «Мои смелые друзья», Ивана Федосеева «Айтыына», Софрона Данилова «Пока бьется сердце». Второй раз делегация якутских писателей посетила Казахстан в 1980 году.

В этом же году был издан 2-х томник антологии якутской литературы на казахском языке - «Ленские волны» и «Таежная голубика».

За пропаганду, дружбы народов якутские писатели Савва Тарасов, Дмитрий Кириллин, Семен Руфов, Моисей Ефимов, Дора Васильева, Николай Лугинов, Николай Урсун, Наталья Харламьева, первый президент Республики Саха (Якутия) М.Е.Николаев стали лауреатами литературной премии Казахстана «Алаш» (1996). Мы гордимся нашими земляками.

Сегодня студенты Якутского государственного университета им. М.К.Аммосова изучают казахский фольклор и литературу по дисциплине - «Литература тюркских народов». В течение двух семестров идет ознакомление с богатым фольклором казахского народа и историей казахской литературы. Наши студенты имеют возможность прочитать произведения классиков казахской литературы на русском и якутском языках. Особым интересом пользуются - роман-эпопея М.Ауэзова «Путь Абая», стихотворения Абая Кунанбаева, повести К.Турсункулова, стихотворения Т.Оразбаевой и др.

Формирование культурной общности, которая является результатом процесса взаимодействия культур, неверно было бы просто сводить к количественному обмену материальными и духовными ценностями между нациями, это такие качественные изменения в отношениях наций, когда в результате взаимовлияния и взаимообогащения постепенно складываются общие черты во всех сферах материальной и духовной жизни, ослабляются грани, отличающие одну нацию от другой. Это постоянное возникновение и развитие общих черт, свойственных различным нациям, превращение лучших достижений одних народов в достижения других народов.

В процессе исторического развития естественным образом осуществляется взаимовлияние, взаимопроникновение и взаимообогащение

культур различных народов. В полиэтнических государствах, как правило, на основе культуры основной нации или суммы национальных культур создается общенациональная духовная культура народов.

У народов постсоветского пространства, общая история, общие социально-политические традиции, взаимно адаптированная ментальность, восприятие явление и процессов, взаимосвязанная культура и многие другие общностные признаки, которые в едином государстве отражаются в общегражданских чувствах и ценностных ориентациях.

Распад единого социокультурного пространства вызвал рост самосознания народов и связанное с этим внимание к национальной идентичности культуры. В этих условиях стало необходимым исследование культурного наследия каждого народа постсоветского пространства. Суть этого дела – в возврате к историческим корням, которые были забыты целыми поколениями под напором идеологических запретов, и использовании результатов исследований для возрождения духовности в обществе. Утверждается приоритет общечеловеческих ценностей над классовыми, идеологическими; самоценность, неповторимость культур всех наций и народностей, необходимость сохранения и приумножения культурного наследия.

Создавшаяся ныне в России, в том числе, Якутии, ситуация дает возможность пересмотреть многое. Возникают новые ориентиры, переоцениваются понятия, вещи, идеи. Меняется отношение к истории, к литературе, которые достались нам от прошлого. Новое наполнение обретает понятие «культурное наследие». Это – память о жизни народов в прошлом, источник современного культурного процесса.

В настоящее время такая категория культурной политики, как охрана наследия, занимает ведущее место в системе социокультурных процессов, происходящих в России, в Якутии. Однако, эта проблема применительно к тому или иному роду, виду культурного наследия пока мало изучена, нуждается в дальнейших исследованиях.

В связи с этим важно проследить реализацию объективного процесса взаимодействия национальных культур как фактора совершенствования межнациональных отношений между казахским и якутскими народами.

1. Федорова Л. Тенгрианство как основа духовного наследия мировой цивилизации. – *Тюркология.// Түркстан.* – 2004. - №5(13). -85-90с.

2. Дробижсва Л.М. Духовная общность народов СССР. Историко-социологический очерк межнациональных отношений. - М., 1981.- С. 160.

3. Егоров В.К. Философия культуры России: контуры и проблемы. М.,- С. 61.

Түйін

Мақалада қазақ–якут мәдени диалогтарының мәселелері қарастырылады.

Summary

The problems of the Kazakh-Yakut literary connections as a reflection of the dialogue of cultures

ДАЛАЛЫҚ ОБЛЫСТАРДА ЕГІНШІ АУДАНДАРДЫҢ ҰЛҒАЮЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ АГРАРЛЫҚ КЕЛБЕТТІҢ ӨЗГЕРУІНЕ ӘСЕРІ

Н.У.Шаяхметов–

т.ғ.к., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ

Патшалық Ресейдің отарлық саясатының нәтижесінде Қазақ жерінің далалық аймақтарының табиғи ортасы бірінші кезекте белсенді шаруашылық қызметтің әсеріне ұшырады. Бұл аймақтардың аграрлық келбеті көшпелі мал шаруашылығының ерекшеліктеріне байланысты табиғи қалпын біршама сақтап келген болса, XIX ғасырдың II жартысынан бастап далалық аймақтардың аграрлық келбеті бірте бірте өзгере бастады.

Дәстүрлі көші-қон жүйесінің бұзылуы, жаңа әкімшілік-аумақтық бөліністердің қалыптасуы аграрлық құрылымның өзгерісіне ғана емес, сонымен бірге далалық аймақтардағы өсімдіктер мен жануарлар әлемінің өзгеруіне және топырақтың құнарлы қабатының жойылуына алғышарт жасады. Ал топырақ қабаты – ауыл шаруашылық өндірісінің басты құралы және ол қайта қалпына келмейтін табиғи ресурс болып табылады. Табиғи ортада жүріп жатқан мұндай үдерістерге себепші болған жағдайлар мыналар еді: далалық аймақтарда егіншілік пен шөп шабу кәсібінің кең тарала бастауы, жаңа қатынас жолдарының қалыптасуы, кеніштер мен кен орындарының ашылуы, казактардың станицалары мен хуторларының, қоныс аударушылардың деревнялары мен селоларының, сондай-ақ қалалардың өсуіне байланысты болатын. Ресей патшалығының Қазақстанға әскери отарлау барысында әрі шаруашылық тұрғыда дендеп енуі Қазақ жерінің топонимикалық келбетін де үлкен өзгеріске ұшыратып жіберді. Қазақ жерінің топонимикалық келбетінің өзгеруі мен аграрлық келбетінің өзгеруі арасында тығыз байланыс бар. Өйткені, Қазақ жеріне қоныс аударған шаруалар негізінен тек егін шаруашылығымен айналысқаны белгілі. Сондықтанда, егер Далалық облыстарда қоныс аударушылардың деревнялары мен поселкелерінің саны қаншалықты артқан болса, сол жерлердегі өнделетін егіс көлемі де бірнеше есе артты деуге толық негіз бар. Мұрағат деректері мен сол кезеңнің географиялық карталарынан казак станицалары мен қоныс аударушылар деревняларының орысша атаулары күнен күнге көбейе берді. Әсіресе, XIX ғ. соңында далалық облыстардың солтүстік уездеріндегі елді-мекендер атауларының ішінен қазақ атауларын сирек кездестіреміз. Мысалы, Омбы уезіндегі елді-мекен атауларына назар аударсақ, одан мынандай көрініске кәу боламыз. Казак станицалары: Омская, Покровская, Черлаковская, Николаевская; қоныс аударушылардың

поселкелері: Новый, Черемуховский, Устьзаостровский, Ачаирский, Ильинский, Соляной, Елизаветский, Больше-Атмасский, Мало-Атмасский, Татарский, Крутоярский, Захламенский, Мельничный, Степной, Курганский, Орловский, Покровский, Волчий, Солоозерский, Лосевский, Первотаровский, Конюховский. Олардың барлығы дерлік негізінен Ертіс өзені бойында орналасқан. Петропавл уезінде де дәл осындай көрініс қайталады. Казак станицалары: Полуденная, Вознесенская, Пресновская, Пресногорьковская; қоныс аударушылардың поселкелері: Лебяжий, Чистый, Медвежий, Рявкин, Токушинский, Ганькин, Камышловский, Плоский, Архангельский, Кривоозерный, Бишукульский, Новопавловский, Новокаменский, Надеждинский, Боголюбовский, Новоникольский, Становской, Дубровный, Сенжарский, Михайловский, Кладбинский, Новорыбинский, Миролубовский, Богатый, Железный, Лапушинский, Новомихайловский, Островский, Казанский, Усердный, Екатериненский, Кабаний, Пресногорьковский, Камышловский, Починный, Крутоярский, Богоявленский, Песчаный, Сибирский. Бұл елді-мекендер Орынбор почта жолын бойлай орналасты [1]. Мұндай жағдай Қазақстанның далалық облыстарының барлығына тән болғандығы белгілі. Ә.Бөкейхановтың мәліметтеріне қарағанда, 1878 – 1907 жылдар аралығында тек қана Ақмола облысының 5 уезінде 459 қоныс аударушылар поселкесі құрылып, олар үшін барлығы 3.262,523 дес. (2.688,417 дес. қолайлы және 574.106 дес. қолайсыздау) жер алынған [2].

Сонымен Қазақ жерінің далалық аймақтарының аграрлық келбетінің өзгеруіне бірден бір әсер еткен фактор – казактар мен қоныс аударушы орыс шаруаларының санының артуына байланысты Қазақстанның далалық облыстарында егін шаруашылығы көлемінің артуы; егіншіліктің суармалы емес (богарное) және ауыспалы (переложное) түрінің басым дамуы болды. Дәнді-дақылдарды ауыстырып егу түрі (севооборот) өте сирек қолданылған [3].

Ресей патшалығы тарапынан қоныс аудару саясатына ерекше пәрмен бергенге дейін казактар негізінен суармалы егіншілікпен айналысқаны белгілі. Мысалы, 1874 жылы Батыс Сібір бас басқармасы Кеңесіне Қазақ жерін отарлау мәселесіне орай жасалған ұсыныстарында Ақмола облыстық басқармасы ескерту ретінде мынаны ерекше атап көрсетеді: “При назначении участков для оседлых поселений Областное Начальство заботится, чтобы по водворении переселенцев не могло произойти существенного ущерба хозяйству окрестных киргизов и в особенности, чтобы последние не потерпели недостатка в ирригационной воде”[4]. Ал далалық облыстардың қаратопырақты аудандары қоныс аударушылардың иелігіне жаппай тартып алына бастағаннан кейін суармалы егіншілік қара топырақты белдеулер өте сирек кездесетін Торғай, Ырғыз, Қарқаралы, Атбасар уездерінде сақталып қалды. Суармалы егіншіліктің тарлым аймағы көлемді болған жоқ, ондай егістерде тек бидай мен тары ғана өсірілген. Өйткені, тары Қазақ өлкесіне

тән қаратопырақтың терең емес жағдайында және құрғақ климатқа төзімдірек дақыл болып табылады. Мәселен, 1877 жылы Орынбор генерал-губернаторына Торғай мен Орал облыстарындағы қазақтар арасындағы суармалы егіншіліктің жәй-күйі туралы берілген мәліметтерде оның ерекшеліктері туралы баяндалады. Мұрағат деректерінде Торғай облысында суармалы егіншілік тек Ырғыз және Торғай уездерінде ғана дамып отырғандығын, ал Ақтөбе мен Қостанай уездерінде егіншіліктің суармалы емес түрі қолданылатыны көрсетіледі. Орал облысының әскери губернаторы аталмыш облыста қазақтар суармалы егіншілікпен айналыспайтындығын мәлімдеген. Оған басты кедергі ретінде өзендер мен көлдердің суының тұщылығын атап көрсетеді. Сондықтан қазақтардың егіншілігі жазғы жауын-шашындарға тығыз байланыстылығын, сондай-ақ, егіс алқаптарын үнемі ауыстырып отырады дейді.

Ырғыз бен Торғай уезіндегі қазақтардың суармалы егіншілік жүргізу тәжірибесіне сәйкес егін өзен-көлдерге жақын сазды әрі сортаң жерлерге салынады. Ал құмды-құмдауыт жерлер борпылдақ болып келетіндіктен арықтағы суды дұрыс ұстай алмайды. Қазақтар бидай егістігін 3 – 5 рет, тарыны 3 – 4 рет, арпа 3 ретке дейін суаратын болған. Егістің әр десятинасынан бидайдан – 150-160 пұтқа дейін, тарыдан – 200-220 пұтқа дейін, арпадан 200-220 пұтқа дейін өнім алатын болған. 2 десятина суармалы егістің өнімі бір шаңырақтың тұтынуына әрі көктемгі тұқымға жететін болған[5].

Алайда, далалық облыстарда қоныс аударушы шаруалардың үлес салмағы бірте бірте арта бастауына байланысты егіншіліктің ауыспалы түрінің кең таралуы өз кезегінде қосымша тың жерлерді қажет етті. Далалық облыстардағы егінші аудандар кеңістігінің жылдан жылға ұлғаюы осы себептен болатын. Мысалы, 1880 жылы бүкіл Қазақстандағы егіс көлемі 630 мың га ғана құраған. Ал 1880 – 1900 жылдар аралығында Қазақ жеріне Ресейдің орталық аудандарынан орыс шаруаларын қоныс аудару күшейе бастаған кезде егіс көлемі 3 есе ұлғайып, 1.918 мың га жетті. Торғай облысында 1875 – 1900 жылдар аралығындағы 25 жыл ішінде егіс көлемі 17 мың га-дан 182,4 мың га дейін артқан. Бұл егістіктің 80 % қазақтардың үлесіне тиді. Ал Семей облысында 1899 жылы өндірілген астықтың жалпы өнімінің жартысына жуығы қазақтарға тиесілі болған [6].

Далалық облыстардың аграрлық жүйесіне Ресей патшалығының реформаларының нәтижесінде енгізілген капиталистік қатынастар мен тауарлы өндіріс белгілерінің экономикалық тұрғыда қазақ халқы үшін пайдалы жақтарының да болғандығын жоққа шығару тарих шындығы үшін әділетсіздік болар еді. Дегенмен бұл өзгерістер мен іс шаралардың екінші қырына жеткілікті мән берілмеуі де тарих үшін қиянат болған болар еді деп ойлаймыз. Ол табиғат пен қоршаған орта ерекшеліктері мен заңдылықтарын ескермеуден туындаған экологиялық тепе теңдіктің бұзылуын назардан тыс қалдырмаған абзал. Адамның қоршаған орта ерекшеліктерін ескерусіз

шаруашылық тұрғыда белсенді ықпал етуі барысында далалық аймақтардың топырақ қабатының құнарсыздануына, су эрозиясының күшеюіне және т.б. келеңсіз табиғи құбылыстарға алып келді.

Бұл құбылыстардың қалыптасуына Қазақ жерінің табиғи-климаттық жағдайының ерекшеліктері де елеулі әсер етті. Қазақстанның климатына тән ерекше жағдай – маусымдық атмосфералық жауын-шашынның әркелкі түсуі болып табылады. Мәселен, Қазақстанның далалық бөлігінде қыста түсетін жауын-шашын мөлшері 50-100 мм, яғни жылдық норманың 20-30 % ғана құрайды. Ал таулы аудандарда оның мөлшері 500 мм дейін жетеді. Осы себептерге байланысты, әсіресе далалық белдеулерде жер беті жалаңаш қалып, жердің тоң болып қатуы терең болады. Мысалы, Қазақстанның орталық аудандарында тоң 200-250 мм дейін жетеді.

Атмосфералық жауын-шашынның негізгі бөлігі жаз айларында түсіп, ол орманды-далалы және далалы аумақтарда жылдық мөлшерінің 60-80 %, шөлді-шөлейтті аумақтарда 35-40 % құрайды. Атмосфералық жауын-шашынның біркелкі түспеуі салдарынан көктем айларынан-ақ ауа-райының құрғақ кезеңдері басталады. Ал мамыр айынан бастап аңызак ыстық желді әрі құрғақ ауа-райы орныға бастайды. Егер осы кезеңде жауын-шашын өте аз түскен жағдайда топырақ қабаты қатты құрғап кетеді [7]. Ал топырақтың эрозияға ұшырауына әсер ететін факторлардың негізгілерін: жылдық атмосфералық жауын-шашынның әркелкі түсуі, жердің тоң болып қатып қалуы, еріген қар суының мөлшерінің көп не аз болуы, аңызак ыстық желдің үздіксіздігі, топырақтың үстіңгі қабатының тым құрғап кетуі немесе жазғы жауын-шашын мөлшерінің тым көп болуы сияқты табиғи-климаттық құбылыстар құрайды.

Дегенмен, бұл жерде үнемі назарда ұстап отыруды қажет ететін мәселе, ол – далалық облыстардың табиғи су көздеріне деген тапшылығы. Осынау табиғаттың қатаң ерекшелігін жергілікті халық ғасырлар бойы қалыптасқан шаруашылық тәжірибесіне байланысты жақсы білгендіктен, қазақтар жайлауға шықпас бұрын ең алдымен, өзен-көлдердің, суаттар мен құдықтардағы, тіпті қар суы мен жауыннан соң қалыптасатын көлшіктер мен шалшықтардағы судың деңгейі мен сапасын анықтап алу үшін тәжірибелі адамдарды барлауға жіберіп алып, содан кейін ғана көші-қон бағыттарын айқындап отырған[8].

Далалық облыстардың су ресурстарына деген зәрулігі ХІХ ғ. соңы мен ХХ ғ. басында қоныс аударған шаруалар үшін ең күрделі өмірлік мәселеге айналды. Себебі, олардың бұрын өмір сүрген табиғи ортасы мен Қазақ жерінің табиғи ортасы мүлде бөлек еді. Қоныс аударушылар негізінен далалық облыстардың солтүстік уездеріндегі тұщы көлдер мен өзендердің маңына орналастырылғанымен, олардағы судың көлемі мен сапасы жауын-шашынның жиілігіне тәуелді болғандықтан үнемі өзгеріп тұратыны белгілі. Тұщы көлдер қыста қатып қалатын болса, жаз ортасында күннің ыстықтығы мен буланудың күштілігіне байланысты кеуіп қалатын жағдайлар жиі

кайталанып тұрады. Сондықтанда, Дала генерал-губернаторының мәліметіне қарағанда, 1896 жылдың соңында Петропавл уезіндегі орыс шаруаларынан судың сапасыздығы мен жеткіліксіздігі туралы арыз-шағымдар көптеп түсе бастаған [8, 333 п.].

Бұл табиғи-климаттық тұрғыда біршама қолайлы болып есептелетін Петропавл уезіндегі жағдай. Ал осы жерлерден ығыстырылып шығарылған және мүлде қатаң табиғи жағдайға бейімделуге мәжбүр болған қазақ халқы мен оның шаруашылығының жәй-күйі қандай дәрежеге түскендігін айқын аңғаруға болады. Мысалы, Ә.Бөкейханов Қазақ өлкесі барлық жағынан жылдық жауын-шашынның мөлшеріне байланыстылығын атап көрсете келе, қазақтардағы суға табыну (культ воды), яғни суды ретсіз қолданба, ол күнә болады деген дүниеаным негізсіз қалыптаспаған дейді. Ғалымның мәліметтері бойынша Ақмола уезінің аумағымен ағып өтетін Нұра және Есіл өзендерінің бойында қазақтардың 100 шаңырағының қыстауларымен бірге 1892 – 1907 жылдар аралығындағы 15 жыл ішінде құрылған 146 қоныс аудару учаскелерінің 46 учаскесі, яғни 1/3 орналасқан[9]. Бұл қазақтардың табиғи су көздерінен жаппай ығыстырыла бастағандығын білдірсе керек.

Қазақтардың қолдан қазылған құдықтар мен суаттарды пайдалануына мәжбүр болған себебі, жоғарыда атап көрсетілгендей Ертіс өзеніне 10 шақырымдық шектің енгізілуіне байланысты оны пайдалану мүмкіндігінен айырылып қалуы және тұщы көлдердің қоныс аударушы шаруалар үшін белгіленген жер учаскелерінде қалуы болды.

Сонымен бірге, далалық облыстардың енігішілікке жарамды аудандарының ең басты ерекшелігі - қаратопырақты жерлерді тыңайту ұзаққа созылатындығы болатын. Тыңдық сапасы өте баяу, 7-9 жылдан 15-20 жыл өткеннен кейін ғана қалпына келетін болған. Мәселен, топырақ қабатының егіншілікке қолайлы деп саналатын Омбы атырабының өзінде бір жыртылған жерді ұзақ мерзімге пайдалана алмаған: «грунт земли имеет вверху черноземный, а далее иловатый, посев же производится на одном месте не более 6 лет, потом по неплодородию и весьма тонкому слою чернозема оставляются и находится в пустоте более 20 лет, ибо земля по суровому климату ранее этого времени к плодородию не способствует» [10].

Қазақ жұртындағы жер мәселесі бойынша терең талдаулар жасаған Ахмет Байтұрсынов бұл турада былай деп жазады: «Қазақ егін егуге кіріскелі де біраз жыл болды. Егін турасындағы білімді де қазақтар біліп болдық деп жүр. Егін жайында ешікмен үйрене қоятын емес. Біздің қарауымызша, егін турасындағы білімі де мал турасындағы білімі сияқты жерді молшылығында ілім болып жүр. Жер азайса ол біліммен алыс кетпейтін болар. Қазірнде қазақтардың сұрып жерлерін еркінше жыртып, соныдан соныға түсіп отырғанда мұжықтан егіні төмен шығады. Ол жер дәрежесінің төмендігінен емес, білім дәрежесінің төмендігінен. Қазақтың көбі егін жайынан: егін егуге жер жырты, тырмалау, тұқым шашу керек екендігін ғана біледі. Осымен егін білімі тамам деп ойлайды. Қашан, қалай ьәм қанша рет жыртыу керек, қалай

етсе шашқан тұқымға жер жайлы болады, не нәрсе оған зарарлы, не нәрсе пайдалы, пайдалы нәрселерден пайда тию үшін, зарарлы нәрселерден зарар келмес үшін не істеу керек – ол жағынан қазақтың білімі тіпті нашар. Ол білімнің нашарлығы қазір жердің молшылығында сезілмейтін шығар, жер таршылыққа айналса, тез-ақ сезілер. Аз жерді осы күнгі қалпында тұтына бастаса, жерін тез-ақ тоздырмақшы. Тозған жер жаңарып жетілуіне қазақ даласында 15-20 жыл керек» [11].

Қазақ жеріндегі егіншіліктің табиғат жағдайына тікелей байлаулы екендігін және ол жағдайды ескермей бұл шаруашылықты жүргізу түптің түбінде үлкен экологиялық әрі экономикалық залал әкелетіндігі анық еді. ХІХ ғ. соңы мен ХХ ғ. басындағы қазақ қоғамында аса өзекті осынау мәселе турасында сол кезде М.Дулатов тап басып атап көрсеткендей, «Қазақ халқы көшейін деп көшіп жүрген жоқ, жерінің ауасына (климатические условия) қарап көшіп жүр. Адам тұрған жерінің ауасының құлы. Қазақ отырған жер егіншілікке жарамсыз. 12-15 жыл егін салған жер тозып шаңы шығады, тағы да жаңа жерге салу керек болады. Әлгі тозған жер егіндікке жарауына 20-25 жыл тынығуы керек. ... Халықтың ғұмыры 20-30 жыл емес, дүние тұрғанша тұруда үміт бар. Соның үшін түбін ойлағанда, қазіргі тұрмыстың неше ғасырлардан бері бекіп қалған негізін бұзбасқа керек» еді [12].

Орал облысының егіншілікке қолайлылау деген Орал уезіндегі егін егілетін аудандарындағы жерлерді 3 жылдан кейін тыңайтуға қалдырудың ең басты себебі – егін егудің 3-жылында ебелек пен алабота өсіп, арам шөптің жайылуы орын алады. Тары өнімі жоғарыда аталған шөптердің кең жайылуына байланысты 3 және 4 жылы едәуір төмендейді: 1 десятинадан 25-20 немесе одан да төмен өнім береді. Сондықтанда мұндай жерді тыңайтуға қалдырып, егістікті тың жерге ауыстыру тиімді б.т. Тыңайтуға қалдырылған жерге ебелек, кейін бетеге өскенше жыртпаған. Бұл көбінесе 7-8 жыл уақытты алатын болса, кейде 10-12-15 жылға созылған. Халықтың бақылауы бойынша тыңайтуға қалдырылған жердегі шөптесін өсімдіктердің ауысуы төмендегідей:

1-жылы: қаңбақ, сүттіген (молочай), жауынды кезде алабота жабады;

2-жылы: негізінен бірінші жылы өсетін шөптер, сонымен бірге қышаның (горчак) өсуі байқалады;

3-жылы: қаңбақ азайып, боз жусан, ебелек, бетеге (ковыль) шыға бастайды;

4-жылы: ебелек басым өседі және бозжусан мен бетеге де орныға бастайды;

5 және 6 жылдары: төртінші жылы өскен өсімдіктер жауып тұрады, бірақта бетеге басымырақ бола бастайды.

Тыңаю үдерісі өте баяу жүреді, тек 12-15 жылдары тек қана бетеге өскенде ғана толық тыңайған жер ретінде пайдалануға болады[13].

Қазақ жерінде егіншілікпен белсенді шұғылданған орыс шаруалары мен казактар ғана емес, жоғарыда аталған реформалардың әсеріне сәйкес

қазақтар да көптеп айналыса бастады. Қазақ жерін зерттеуші В. Кузнецовтың тұжырымы бойынша қазақтар, егер егіншілікке мүмкіндік болған жағдайда жер өңдеуші, сол себепті қазақты бір уақытта бақташы әрі егінші деп айтуға болады дейді[14].

XIX ғ. II-жартысынан бастап қазақ қоғамы мен шаруашылық өміріндегі түбегейлі өзгерістерге терең талдау жасаған Ә.Бөкейханов қазақтардың шаруашылығын таза көшпелі деген тұжырымның өмір шындығына сәйкес келмейтіндігіне баса назар аудартады. Оның тұжырымы бойынша қазақтар шаруашылықтың интенсивті түрлерін игеріп отырғандығын және ол кешенділігімен сипатталатындығын атап көрсетеді. Ә.Бөкейхановтың қорытындысын түпнұсқада беріп отырмыз: «Переходя к внутреннему быту киргиз, (казахов –Н.Ш.) должно заметить, что современная жизнь последних не укладывается в простую формулу примитивной экономики полудикого кочевника, постоянно меняющего место стоянки и передвигающегося со своими стадами, в поисках для них подножного корма и лучшего водопоя. Былое, чисто пастушеское хозяйство киргиза, постепенно уступает место смешанному земледельчески-пастушескому типу; это наблюдается, по крайней мере, в тех местностях, где естественно-исторические условия и экономическая конъюнктура оказались благоприятными для развития земледелия. В этом отношении Киргизский край (Семипалатинская, Акмолинская, Тургайская и Уральская области) можно схематически разбить на два района: северный, лежащий выше 50-ой параллели, благоприятный для земледелия, и южный – где плохая почва, скудость атмосферных осадков и отдаленность от рынков делают земледелие в сколько-нибудь значительных размерах невозможным. На одно хозяйство приходится:

В районах	десятин посева	пудов сена
Северном	3,3	1120,4
Южном	0,2	168,6

... По данным киргизских бюджетов, земледелием занимаются 63 процента киргизских хозяйств, причем на каждое приходится в среднем 2,25 десятины посева» [15].

Дегенмен қазақтар арасында жер өңдеу мен егіншілік кәсіптің кең тарала бастауы отаршылдық жағдайындағы өмір талабынан туындаған мәжбүрлік болатын. Сондай-ақ қазақтардың егіншілікпен айналысуына орыс шаруаларының да ықпалы болғанын жоққа шығаруға болмайды. Сол себепті де Қазақ жерінің далалық облыстарында егіс көлемі жылдан жылға ұлғаю үстінде болды. Сол тарихи кезеңде Қазақ жерінің далалық аймақтарын ішкі (жергілікті халық) және белсенді сыртқы (Ресей отаршылдығы) шаруашылық күштері арқылы отарлау мен игеру қатар жүзеге асырыла бастады. Егін шаруашылығының жаппай тарала бастауы өз кезегінде далалық аймақтардың аграрлық келбетін өзгертуге едәуір ықпал етті. Қазақстанның далалық облыстарының табиғи-климаттық ерекшеліктері егіншіліктен гөрі мал шаруашылығының дамуына қолайлы болатын-ды.

Далалық өлкенің егіншілікке қолайсыз табиғи жағдайы турасында патша чиновниктері де осынау ерекшеліктерді ескере отырып іс-шараларды жүзеге асыру қажеттігіне XIX ғ. соңында-ақ үкіметтің назарын аудартуға тырысқан еді. Мәселен, Дала Генерал-Губернаторының 1897 жылы Императорға берген есебінде Ресейдің орталық аудандарынан шаруалардың өз еркімен қоныс аудару тасқынының көбеюіне байланысты үкіметтің қоныс аудару саясаты жүйесіз жүзеге асырылып отырғандығын мойындай отырып, “Ныне лучшие участки в Степных областях уже заселены, а предназначавшиеся к заселению, сравнительно худшего качества, потребовали от крестьянина больших расходов для обработки...” [8, 334-335 п.]

Егін шаруашылығына жарамды деген далалық облыстардың солтүстік уездеріндегі қаратопырақты аудандарға түскен салмақ шамадан тыс артып кетті. Бұл жағдай қаратопырақты аудандардың тез тозып, эрозияға ұшырауына алып келді. Оған себеп болған патша үкіметінің қоныс аудару саясатының шеңберінде келген орыс шаруалары мен өз ерімен қоныс аударушылар легінің жылдан жылға артуы болып табылды. Мәселен, Торғай облысы әскери губернаторының 1901 жыл бойынша Императорға берген есебінде: «...орыс селолары тек Қостанай уезі мен Ақтөбе уезінің аздаған бөлігінде ғана өмір сүре алады, егер ішкі саясат үшін қажет болған жағдайда Ырғыз бен Торғай уездерінде де орнықтыруға болады, бірақта оларға ерекше қамқорлық жасауды, ерекше жеңілдіктер жасауды талап етеді. Солай болған жағдайдың өзінде де олардың саны шектеулі болуы тиіс. ...салыстырмалы түрде қолайлы (егіншілікке - Н.Ш.) деген Қостанай уезіне қоныс аударушылар сәл де болса артық қоныстанатын болса, онда олар мемлекеттік қазынаға елеулі салмақ түсіретіндігіне менің терең көзім жетеді», – деген ойын айта келіп,- «Қостанай уезіндегі қара топырақтың қабаты терең емес, өте қолайлы жерлер шектеулі, топырақты тыңайту өте баяу жүреді, үлкен су бассейндерінің жырақта орналасуына байланысты атмосфералық жауын-шашын мөлшері жеткіліксіз, ал таулар мен орманды алқаптардың жоқтығынан бөгетсіз соғатын желдер жерді тез әрі шектен тыс құрғатып жібереді», - деп, орын алып отырған жағдайдың шындығын нақты білдірген [16].

Далалық аймақтардың ішіндегі Торғай облысының топырақ қабаты туралы сипаттама берер болсақ, жоғарыдағы деректерде атап көрсетілгендей облыстың солтүстік бөлігі ғана қаратопырақты қабаты бар сазды-құмдауыт жерімен ерекшеленеді.

Ал, жекелеген уездер бойынша алғанда, Ақтөбе уезінің солтүстік бөлігі егіншілікке қолайлы қаратопырақты белдеулерге жатады. Уездің аумағы шамамен 50 мың шаршы шақырым, яғни 5200000 десятинаны құраған болса, оның 4160000 десятинасы егіншілікке қолайлы жерлер болып есептеледі. Тек 1040000 десятинасы егіншілікке жарамсыз, яғни жері сазды-құмдауыт болып табылады [17].

Қостанай уезінің табиғи-климаттық ерекшелігі: қысы суық әрі ұзақ, ал жазы ыстық және үнемі жел соғып тұратын болған. Жер бедері жазық далалық болып келеді. Топырақ қабаты солтүстік бөлігінде егін шаруашылығына қолайлы қаратопырақты болып келсе, оңтүстігіне қарай сазды, сазды-құмдауыт болып ұласады. Бұл аймақтар егіншілікке қолайсыз[17, 126 п].

Торғай облысының оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан Торғай уезі жазық далалы әрі табиғи тұщы су көздеріне зәру аймақ б.т. Торғай уезінің солтүстік бөлігінің топырақ қыртысы қаратопыраққа өте кенде, негізінен сазды әрі сор болып келеді. Сондықтанда бұл аймақтарда қолдан суармай егін шаруашылығын жүргізу мүмкін емес. Оңтүстік бөлігінің топырақ қыртысы сорлардан, сазды және құмды аймақтардан тұрады [17, 75-81 пп].

Торғай уезінің болыстарында өзіне тән топырақ қабатының сапалық тұрғыда ландшафтық ерекшеліктері қалыптасқан. Мәселен, Ұлытауға қарай Сарыторғай, Жыланшық және Қызылжыңғыл болыстарының топырақ қабаты тастақ болып келеді. Тек Сарыторғай болысының солтүстігіне қарай тау жоталарынан алыстаған сайын сазды топыраққа ұласа бастайды. Ал аталмыш болыстардың оңтүстігіне қарай топырағы сазды әрі кей жерінде таза сорға ұласады. Сондай-ақ, құмды алқаптарға уездің оңтүстік бөлігінде орналасқан Жыланшық болысында Бозщакұм және Сазанбай құмды белдері және Қызылжыңғыл болысының аумағында Бүйрекқұм жатады.

Уездің I-Наурызым, Майқара және Сарықопа болыстарында топырақ қабаты сазды әрі құмдауыт болып келеді. Мұндай сапалық ерекшелік Қарақоға және Қараторғай болыстарының топырақ қабатына да тән болғанымен, олардың Торғай өзенінің бойында орналасуына байланысты бұл жерлерде қазақтар арасында суармалы егіншілік жақсы дамыған. Ал II-Нурызым болысы уездегі орманды алқабы бар жалғыз уезд болып есептеледі[17, 80-81 пп].

Уезд аумағының топырақ қабатының сапалық ерекшеліктеріне қарағанда тұрғылықты халық үшін шаруашылықтың қай түрін болмасын жүргізу үшін өте қолайсыз аймақ болып саналады.

Торғай облысының оңтүстік-шығыс бөлігін алып жатқан Ырғыз уезінің топырақ қабатының түзілу ерекшелігі сапалық тұрғыда екі категорияға бөлінеді. Уездің солтүстік бөлігіндегі Талдық, Бақсай, Қызылжар, Аманкөл, Тәуіп, Кендірлі болыстары орналасқан аумағы егіншілік үшін құнарлы топырағымен, өзен-көлдердегі суының молдығымен ерекшеленеді. Ауа-райы қолайлы кездерде егін жайларды суару қажеттілік тудырмайтын кезеңдер болады. Ал оңтүстік бөлігіндегі Шенгел, Құланды, Ордақонған, Қабырға, Толағай, Темірастау болыстары Кіші және Үлкен Борсық, Ырғызқұм, Қарақұм және т.б. құмды белдер аумағында орналасқан. Сол себепті, топырақ қабаты сазды әрі үлкен аумақты алып жатқан сор, сортаң болып келеді [17, 178-179 пп].

Императорлық орыс географиялық қоғамы Орынбор бөлімінің этнографиялық материалдарында жергілікті көшпелі халықтың арасында егіншіліктің кең көлемде таралып отырғандығы туралы көптеген мәліметтер беріледі. Торғай облысы Елек уезінің қазақтарының тұрмыс тіршілігі туралы сұрау жүргізілген бағдарламаның жауаптарында (құрастырған - би Қ.Айтжанов): «Елек уезінің қазақтарының барлығы дерлік егіншілікпен айналысады. Дегенмен отырықшы халықтармен көршілес отырған қазақтар егіншілігі ерекше көзге түседі» деп атап көрсетіледі [18, 116 п.]. Сонымен бірге 1877 жылғы Торғай облысы бойынша есеп мәліметтері бойынша «Торғай облысының қазақтарының арасындағы егіншілік жылдан жылға артып келеді, әсіресе Николаев және Елек уездері орналасқан солтүстік бөлігінде жақсы дамып отыр. Осы есепті жылда қазақтар түрлі дәнді дақылдардан 16.435 четверть екен, ол 1876 жылмен салыстырғанда 3.835,5 четвертьке артық. Жиналған егін 359,511 четвертьті құрап, өткен жылмен салыстырғанда ол 63.916,5 четвертьке артық жиналған» [19].

Егін шаруашылығы Орал облысында да кең тарала бастады. Ең алдымен, егіншілік аудандарға Орал казак әскері үшін тартып алынған Жайық бойындағы құнарлы әрі тұщы суы мол жерлер кірді.

Орал облысының топырақ ресурстары бойынша қысқаша сипаттама беретін болсақ, облыс құрамындағы Орал уезінде табиғи қалыптасқан топырақ құрылымының ерекшелігіне сай бірнеше белдеуге бөлінеді: [13, 5-85].

1. Қаратопырақты құмдауыт;
2. Қоңырқай күлгін (қаратопыраққа ұқсас) саздауыт;
3. Күлгін құмдауыт;
4. Сарғыш күлгін саздауыт;
5. Құмды борлы-эктасты (мергелистая почва);
6. Сазды;
7. Сор топырақты;
8. Өзен жайылымдары аумағында қалыптасқан топырақ;
9. Сарғыш құмды топырақ;
10. Құмды топырақ (барханные пески)
11. Борлы топырақ.

Ал Темір уезінің топырақ құрылымы шөлейтті-далалық белдеудің ерекшеліктеріне сәйкес қалыптасқан. Атмосфералық жауын-шашын мөлшері мен еритін қар суының аз болуы себепті топырақ қабаты ылғалды аз мөлшерде қабылдап, ол терең сіңбейді. Мұндай жерде өсімдіктердің де аз өсетіні белгілі. Сондықтанда топырақтың үстіңгі қабаты тез әрі қатты құрғап қалады.

Темір уезіне тән топырақ түрлерін бес топқа бөледі: 1. Сазды топырақ (қоңырқай және сарғыш сазды топырақ).

2. Құмдауыт топырақ (қоңырқай, жеңіл құмды, құм төбелі(бархан).

3. Борлы топырақ (қоңырқай және сарғыш).

4. Тастақты топырақ.

5. Сор топырақ (ылғалды сорлар, тақырлар, тұзды сорлар, тұзды батпақтар).

Егіншілікке қолайлы топыраққа тек қоңырқай саздауыт белдеулер ғана жатады. Темір уезінде ондай белдеу солтүстік бөлігінде, ойылдың

солтүстігінде орналасқан. Сарғыш саздауыт топырақты белдеулер Ембінің сол жағында, Батпақкөл мен Атжақсы көлдерінің аралығын қамтып жатты.

Борлы топырақ белдеулері Қиыл өзенінің жоғары ағысының сол жағында, Ембінің сол жағасының оңтүстігіне қарай қалыптасқан. Тастақты топырақ белдеуі тиісінше Мұғалжар тауы сілемдерінің етегінде орналасқан. Сорлар қамтып жатқан аумақтар уездің оңтүстік бөлігіне тән б.т. Сондай-ақ, Темір уезінің бірқатар бөлігін құмды алқаптар да алып жатыр. Қазбек және Жетікөл болысында Тайсойған, Жетікөл, Бұйрық құмдары алып жатыр. Ал Ембі өзені бассейнінің оң жағасында Жағабұлақ, Көкжиде, Бөкембай, Құмқұдық, Толағай құмы, сол жағасында Оймағұт құмы және одан оңтүстікке қарай Сарықұм және Теріскен құмды алқаптары, Темір өзенінің сол жағасында Аққұм орналасқан.

Темір уезінің климаттық жағдайы Қазақ жерінің географиялық орналасу ерекшелігіне сәйкес құрылықтық климатқа жатады. Жазы ыстық, қысы суық болып келеді. Сонымен бірге, тәуліктік температураның құбылмалылығымен, ауаның тым құрғақтығымен, жыл бойы түсетін атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің өте аздығымен ерекшеленеді [20].

Ілбішін уезі аумағының топырақ қабаты да негізінен қоңырқай күлгін әрі сазды болып келеді. Қаратопырақты аудандар мүлде жоқ десе де болғандай және қарашірік (гумус) қабаты да өте аз болады. Есесіне топырақ қабаты әк тас пен тұздарға өте байлығымен ерекшеленеді. Уездің орталық ойпаң бөлігінде топырақ күлгін қоңырқай және саздауыт болып келсе, оңтүстігіне қарай топырақ қабатында сорлар мен тақырлар көбейе бастайды. Топырақ қабатының бұлай қалыптасуына климаттың құрғақтығы мен жазық далалық белдеулерге тән ерекшеліктер негіз болған.

Ілбішін уезінде өзен-көлдер де көп емес. Уезд аумағымен ағып өтетін өзендер бір бірінен алыс орналасқан әрі тұзды болып келеді және жаздың ортасына қарай кеуіп қалады. Қазақтар тұщы суға әрдайым зәру жағдайда күн кешкен. Бұрын қазақтар еркін жайлаған Жайық өзенінің сол жағалауындағы сағалары мен ормандары да Орал казак әскерінің иелігінде берілгендіктен халықтың да, малдың да суға деген зәрулігін арттыра түсті. Қолдан қазылған құдықтарда да тұщы су үнемі кездесе бермейді. Тұщы су негізінен құмды белдеулерде қазылған құдықтардан ғана алынады [21].

Гурьев уезінің табиғи-климаттық жағдайы өте қатаң. Уезде түсетін жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері 148,7 мм. құрайды. Бұл облыстағы ең төменгі көрсеткіш б.т. Облыстың басқа уездеріндегі бұл көрсеткіш: Орал уезінің солтүстігінде 310 мм, ал оңтүстігінде 291,5 мм; Темір уезінің солтүстігінде 255,5 мм, оңтүстігінде 177,5 мм; Калмыковта (Ілбішін уезі) 205,5 мм. Уездің топырақ қабаты негізінен сортаң топырақтан тұрғандықтан егін шаруашылығын дамытуға мүлде қолайсыз болды [22].

Орал облысы бойынша қолда бар деректерге талдау жасағанда біздің байқағанымыз, саяси-әкімшілік, аумақтық реформалардың салдарынан дағдарысқа кіре бастаған көшпелі мал шаруашылығының кеңістігінің тарыла

бастауына байланысты егіншілікке қолайсыз жерлерге ие қазақ болыстарында да егін алқаптары пайда бола бастаған.

1872 жылғы деректер бойынша Орал облысындағы қазақ-орыстардың иелігіндегі егіс көлемі (четверть есебімен) төмендегідей болған:

Уездер	Қыстық Бидай	Қара бидай	Жаздық бидай	Сұлы	Арпа	Басқа да дақылдар	Картоп
Орал	73	775	39005	10475	71	1531	204
Калмыков	-	44	1973	774	-	7	8
Барлығы	73	819	40978	11249	71	1538	212

Гурьев және Ембі уездері жерінің қолайсыздығына байланысты егін мүлде салынбаған. Қазақ болыстары бойынша Орал және Калмыков уездерінде қазақтар негізінен тары еккен. Алайда қазақтардағы егіс көлемі туралы нақты мәліметтердің жоқ екені баяндалады [23].

Орал облысы әскери губернаторының 1875 жылғы есебіне назар аударатын болсақ, егінші аудандардың кеңістігіне Ембі уезі де енген. Ал, Гурьев уезінің табиғи жағдайының қолайсыздығы егіншілікпен айналысуға мүмкіншілік бермеген еді. Сондай-ақ, қазақ егіншілігіне қатысты мәліметтер алына бастаған [24]:

Уездер	Қара бидай	Жаздық бидай	Сұлы	Арпа	Басқа да дақылдар	Картоп
Орал уезі:						
қазақтарда	7750	49432	3314	6	2305	644
қазақтарда	-	1159	936	-	1790	-
Калмыков:						
қазақтарда	70 ә	2198 ә	86		40	30
қазақтарда	-	-	50	-	475	-
Ембі уезі:						
қазақтарда	-	275	55	-	1297	-
Барлығы	7820 ә	53064 ә	5141	6	5907	674

Алайда Орал облысының оңтүстік аудандарындағы топырақ қабатының сортаң болуы егіншілікке мүлде қолайсыз жағдай тудырды. Сол себепті Гурьев пен Темір (бұрынғы Ембі) уезінің оңтүстігінде дәнді-дақылдар мүлде себілмеген десе де болады.

Мұрағат қорларында Ақмола облысы бойынша статистикалық мәліметтерге салыстырмалы талдау жасағанда егіс көлемінің айтарлықтай ұлғайғандығына көз жеткізуге болады. Мәселен, 1851 жылы Сібір қазақтары

облысы мен Семей облысы округтерінің аумағында егілген егіннің көлемі 5597 дес. құраса, 1852 жылы 4760 дес. құрап, 837 дес. кеміп кеткен.

Бұл көрсеткіштерді округтер бойынша бөлетін болсақ, төмендегідей мәліметтер аламыз [25]:

Округтер	Халқының саны	Егіс көлемі (дес.)
Ақмола	31552	64
Аягөз	29901	1708
Баянауыл	21283	63 Ң
Көкпекті	27015	1350
Қарқаралы	36978	144 Ң
Көкшетау	26449	1430
Құсмұрын	8559	ешкім айналыспайды

1852 жылы егіс көлемінің кемуі, біздің ойымызша, ауа-райының қолайсыздығы себебінен болса керек.

1874-83 жылдар аралығында егілген дәнді-дақылдар 34.948 четвертьті (патшалық Ресей тұсындағы жер көлемін анықтайтын өлшем бірлігі: 1 четверть = 0.56 га) құраса, 1884 жылы ол 35.431 четв., 1885 жылы 39.570 четв., 1886 жылы 47.608,25 четв. құраған. Соған сәйкес алынған өнім көлемі де едәуір артып отырған: 1874-83 жылдар аралығында алынған өнім 130.063 четвертьті (В.Даль сөздігі бойынша егіншілікте қолданылатын өлшем бірлігі, кара бидаймен шартты түрде өлшегенде: 1 четверть = шамамен 9 пұт) құраса, 1884 жылы - 192.899 четв., 1885 жылы - 224.727 четв., 1886 жылы - 383.949,05 четв. Құраған [8. 18,20 пп.].

Бұл құнды деректер Ақмола облысындағы егін шаруашылығына тартылған жерлердің көлемінің артып отырғандығын дәлелдесе керек. Сонымен бірге, 1892 жылғы Көкшетау уезі бойынша берілген статистикалық есепте жыл сайын казак, мешкан, шаруа отбасыларындағы адам санының өсуіне байланысты өңделетін егіс көлемі де артып отырғандығы және егіс көлемінің ұлғаюына артық өнімді саудаға шығару мүмкіндіктерінің кеңеюі де әсер еткені туралы баяндалады. Сондай-ақ, қазақтардың егіс көлемі халық санына шаққандағы есеппен сәйкес келмесе де жыл сайын оның ұлғаюы анық байқалып отырғандығы атап көрсетіледі [26].

Қазақ жерінде егілген бидай, тары, сұлы сияқты дәнді-дақылдар және бау-бақша өнімдерімен бірге техникалық дәнді- дақылдарды егу кәсібі де осы кезеңде жақсы жолға қойыла бастаған. Қоныс аударушылар техникалық дәнді-дақылдардан темекі, кенеп сияқты тағы басқа түрлерін еккен. Темекі егу ісі әсіресе, казак станицаларында басым дамыған [8, 23]. Бірақта, Дала генерал-губернаторының мәліметіне жүгінетін болсақ, патша әкімшілігінің Ақмола облысына қоныс аудару саясаты, бұл жерде егіншілік пен жер өңдеу

салаларын дамытуға байланысты жүргізілген іс-шаралары әкімшіліктің үмітін ақтай алмаған еді. Оның ең басты себебі - облыс аумағындағы топырақ қабатының сапасыздығы б.т. Орыс шаруаларына бөлінген жер телімдері казактардың жеріне қарағанда егіншілікке қолайсыз болып келеді. Топырақ қабатының басым бөлігі сазды-сортанды, қаратопырақты аудандар сирек кездеседі және аумағы шектеулі. Сондай-ақ, қаратопырақ қабаты да терең емес. Орыс шаруаларына деп бөлінген кейбір жер телімдері шабындықтардың жоқтығымен ерекшеленсе, ал орман ағаштарының, соның ішінде отындық ағаштың жеткіліксіздігі барлық жер телімдеріне тән болып есептеледі [8,47]. Соған қарамастан, өкінішке орай, жердің сапалық ерекшеліктері егіншіліктің дамуына лайықты болмаса да Ақмола облысына қоныс аудару шектелген жоқ еді. Қазақтардың жер пайдалану мәселелерін зерттеген Щербина бастаған ғылыми экспедицияның құрамында болған және қазақтардың шаруашылық жүйесімен етене таныс Ә.Бөкейхановтың зерттеулеріне қарағанда, 1878-жылдан 1907 жылға дейінгі аралықта Ақмола облысының 5 уезінде 459 қоныс аудару поселкелеріне тиесілі жер кесімдері 176.068 адамға шақтап бөлінген. Бұл жерлердің қолайлысы - 2.688.417 дес.; қолайсыздауы - 574.106 дес.; барлығы - 3.262.523 дес.

Жерге орналастыру және егіншілік бас басқармасының мәліметтері бойынша далалық облыстардың 4-уінде қазақтардың пайдалануындағы 4 млн десятина егіншілікке қолайлы жер тартып алынған. Төрт облыстан тартып алынған барлық жердің Ақмола облысына тиістісі 67,2 % құрайды. Ақмола облысының аумағы осы төрт облысты қоса есептегендегі жер көлемінің 32% алып жатыр.

Көкшетау уезінің қаратопырақты болып келетін аудандары солтүстікте Омбы және Петропавл уездеріндегі ауыспалы топырақты аудандарға ұласады. Мұндай ауыспалы топырақ батысында Торғай облысының Ақтөбе және Қостанай уездеріне және шығысында Семей облысының Павлодар уезіне тән болып келеді. Ақмола облысында Есіл мен Нұра өзендерінен оңтүстікке қарай жусанды-көкпекті далаларға тән топыраққа жалғасады. Бұл топырақ белдеуі суға зәру әрі өнімсіз, сондықтан егін шаруашылығына қазіргі техникалық жағдайдың өзінде де қолайсыз аймақ болып есептеледі. Ақмола облысында да бүкіл Қазақ өлкесіндегі сияқты егіншілікке қолайлы аудандар - жазиралар (оазис) ретінде егіншілікке жарамсыз жерлердің ортасында кездесіп отырады. Қазақ өлкесінің, соның ішінде Ақмола облысының да солтүстігіндегі бетегелі далаларда (ковыльная степь) егіншілікке жарамды оазистер көбірек кездеседі де, оңтүстікке қарай, яғни Қазақ өлкесінің, соның ішінде Ақмола облысының да жусанды далаларының шекарасына қарай мұндай жазиралар азая береді. Ақмола облысына орыс шаруаларын қоныс аудару 30 жылдың көлемінде жалғасып келеді. Бұл Қазақ өлкесінің басқа облыстарымен салыстырғанда анағұрлым ұзақтау б.т. Дегенмен Ақмола облысына қоныс аудару турасында жасалған қорытындылар Қазақ өлкесінің басқа үш облысындағы қоныс аудару ахуалына сәйкес келеді. Сонымен бірге,

Әлихан Бөкейханов Ақмола облысына қоныс аударудың өзіндік ерекшеліктері де бар екенін атап көрсетеді. Бұл ерекшеліктерге мыналар жатады: біріншіден, Көкшетау уезіндегі қаратопырақты аудандар Қазақ өлкесінің басқа бірде бір жерінде кездеспейді; екіншіден, Омбы, Петропавл және Көкшетау уездеріндегі орман алқаптарының басым бөлігі 1907 жылдан бастап Қоныс аудару қорына түсіп, қоныс аударушыларға бөлінген жер телімдеріне кесіліп беруде; үшіншіден, орманды-далалы ауданда орналасқан Петропавл мен Омбы уездерінің солтүстігі егіншілікке өте қолайлы аумақтары экономикалық тұрғыда өте тиімді болып саналатын Сібір темір жолы бойынан бөлінген жер телімдері қоныс аударушылар үшін өте қолайлы б.т. Бұндай жағдай да Қазақ өлкесінің басқа аудандарында жоқ. Ақмола облысындағы орыс шаруа-ларының алғашқы поселкелері жол қатынастарын жақсарту мақсатында Көкшетау мен Атбасар уезінің солтүстігінде 1878-1889 онжылдығы аралығында құрылған. 1890-1899 онжылдық облыстың барлық уездеріне қоныс аударушыларды орналастыру кезеңін бастады. Үшінші онжылдық кезеңінде қоныс аударушыларға бөлінген жер телімдерінің көлемі арту үстінде болды. Ақмола облысында құрылған поселкелердің саны – 459 және оны онжыл-дықтар бойынша % % шаққанда: 1878 - 1889 жж. - 5 %, 1890 - 99 жж. - 43,4 %, 1900-07 жж. —51,6 % [2, 241-242].

Бір қарағанда Қазақ өлкесінің жері кең болып көрінгенімен, жоғарыда атап көрсетілгендей қаратопырақты аудандарының көлемі өте аз болатын-ды. Бұл аудандарға негізінен қоныс аударушылар орналасып, ондағы егіншілік экстенсивті түрде жүргізілгендіктен қаратопырақты аудандар өзінің сапалық қасиетін жоғалтып тоза бастаған еді. Оны тыңайту өте ұзаққа созылатын процесс болды. Ал қазақ егіншілерінің болсын, орыс-казак шаруашылықтарының болсын жердің тыңайғанын күтіп отырмайтыны түсінікті жәйт. Сондықтанда егіншілікке жаңа кеңістіктердің, яғни тың жерлердің тартылуы заңды болатын. Ш.Уалихановтың мәліметтерінде Семей облысының қазақтары тек мал шаруашылығымен өмір сүретіндігі және солтүстік бөлігінде жылқы өсіру, ал оңтүстігінде қой мен түйе өсіру аралас жүргізілетіндігі атап көрсетіледі[27]. Дегенмен, XIX ғ. II-жартысынан бастап Семей облысында да далалық облыс-тардың басқа да аумақтарындағы сияқты егін шаруашылығының айна-лымына енгізілген кеңістіктер бірте бірте ұлғая бастағанын мұрағат дерек-терінен байқауға болады. Мәселен, 1858 жылы Сібір қазақтары облысы мен Семей облысындағы егіншіліктің жәй-күйі төмендегідей дәрежеде болған [28]:

Сібір қазақтары облысы округтері	Егіншілікпен айналысатын адам саны	Егілген жер көлемі (десятина)
Ақмола	358	628
Баянауыл	80	162
Қарқаралы	412	401
Көкшетау	34	82
Құсмұрын	4	10

Барлығы	888	1283
Семей облысы Округтері	егіншілікпен айналысатын адам саны	егілген жер көлемі (десятина)
Көкпекті	4483	3692 Ң
Аягөз	9768	2759
Қапал	921	3726
Барлығы	15172	10177 Ң

Бұл кестеден байқайтынымыз, Семей облысына қарасты 3 округінің егіншілікке тартылған жер көлемі Сібір қазақтарының 5 округімен салыстырғанда әлдеқайда артық.

1886 жылғы Семей облысы бойынша сипаттамада осы облыстағы егін шаруашылығының дамуының жай-күйі турасында мынадай деректер беріледі: «Облыста егін шаруашылығының дамуына табиғи тұрғыда қолайлы жерлер көп емес, мұндай жерлерге Өскемен уезі мен Семей уезінің кейбір бөлігі енеді. Осы жерлерде тұратын отырықшы халықта ғана егіншілік негізгі шаруашылық ретінде жүргізіледі. Көп жағдайда егін шаруашылығымен айналысатын отырықшы халықтар да, көшпелілер де қолдан суару жүйелерін құруға мәжбүр: тау өзендері мен бұлақтардан орасан зор еңбек шығындарын талап ететін суаруға арналған арықтар қазылады, бұл арықтар егістіктерге су жеткізу үшін бірнеше тармақтарға бөлінеді. Мұндай суармалы егіншілік көшпелілерде басым жүргізіледі»[8, 113]

Бұл деректерден бұл аймақта да егін шаруашылығының дамуына тежегіш фактор болып отырған аймақтың табиғи-климаттық жағдайы болып табылатындығын көре аламыз.

Ал Семей облысы бойынша егін шаруашылығындағы көшпелі және жартылай көшпелі қазақтардың үлес салмағы жөнінде төмендегі статистикалық мәліметтерден хабардар бола аламыз[8, 114]:

Уездер	Егіншілікпен айналысатын шаңырақ саны	Барлық көшпелі шаруашылықтардағы % - дық көрсеткіші
Өскемен	9057	61,75 %
Зайсан	9526	45,11%
Семей	4066	15,25 %
Қарқаралы	1252	4,13 %
Павлодар	388	1,76 %
Барлығы	24289	21,18 %

Зерттеуші В.Тресвятскийдің “Земледелие” атты еңбегінде [29] атап көрсетілгендей, далалық өлкеде егістіктер мен шабындықтардың көлемінің артуымен бірге соңғы жылдары олардан алынатын өнімнің өнімділігі бірте бірте төмендеп келе жатқаны байқалады. Оның себебі - жерді тыңайту уақыты жылдан жылға қысқарып келе жатқандығы мен жердің қаратопырақ қабаты тоза бастауынан болатын. Жердің құнарлы қабатының тозуы

шаруашылықты жүргізудің экстенсивті-жыртқыштық жүйесінің (экстенсивно-хищническая система хозяйства) бұл аймақта өзінің шарықтау шегіне жеткендігін көрсетіп тұрса керек. Мұндай жағдайдың болашақта көлемді дағдарысқа әкеп соқтыру қауіпі бар және ондай дағдарыс ішнара халық тығыз қоныстанған аудандарда жердің жетіспеушілігі салдарынан көрініс беруде. Дағдарысқа жол бермеудің бірден бір жолы халықтың шаруашылық пен егіншілікті жүргізуде неғұрлым интенсивті түрлеріне көшуін қамтамасыз ететін шараларды алдын ала ұйымдастыру болып табылады деген ұсыныс білдіріледі.

Егер 1907 жылы Ақмола облысында әрбір мың адамға 145 дес. жер жыртылатын болса, ал 1916 жылы жыртылатын жер көлемі 1.031 дес. дейін өскен. Ақмола облысында егіс көлемі соңғы 10-11 жылда 255 %, Семей облысында – 25 %, Торғай облысында – 180 % және Орал облысында - 85 % ұлғайған. Бұл жерде егіс көлемінің неғұрлым көбірек ұлғайған аймақтарына қаратопырақты және күңгірт қоңыр топырақты (темно-каштановая почва) белдеуінде орналасқан Омбы, Қостанай, Ақтөбе, Петропавл және Павлодар уездерінде байқалады.

Зерттеуші К.Д.Дияровтың деректері бойынша, XX ғ. басында, яғни 1914-1915 жылдары облыстар бойынша егіс көлемі төмендегідей жағдайда қалыптасқан: Ақмола облысында – 1.340,864 дес.; Семей облысында – 462.300 дес.; Торғай облысында – 830.883 дес.; Орал облысында – 559.077 дес. құрады. Торғай облысындағы жалпы егіс көлемі 4 уездің ішінде Ақтөбе мен Қостанай уездеріне 99,4 %, ал Ырғыз бен Торғай уездерінде бар болғаны 0,6 % құрады. Орал облысындағы барлық егіс көлемінің 69 % Орал уезіне, 18 % Темір уезіне және 13 % Ілбішін уезіне тиісті болса, Гурьев уезінде егін алқаптары жоқтың қасы болатын. Семей облысындағы егін алқаптарының 51% Павлодар уезіне тиесілі болса, Қарқаралы уезінде 2 % құраған.

Қазақстандағы барлық 24 уездің ішінде бүтіндей мал шаруашылығымен айналысқан 4-ақ уезд болған. Олар: Гурьев, Ырғыз, Торғай және Қарқаралы уездері. Ал қалған уездердің барлығында ілгерілік кейінді болса да егіншілік дамыған еді. Далалық облыстар бойынша алатын болсақ, ірі егіншілік орталықтарына Қостанай, Омбы, Көкшетау, Орал, Ақтөбе, Павлодар, Петропавл, Ақмола уездері жатты. Дәл осы уездерде мал шаруашылығы да жоғары деңгейде дамыды. Мысалы, Қостанай уезі 1915 жылғы есеп бойынша егіс көлемі жағынан бүкіл Қазақстан бойынша бірінші орында (504.6 мың дес.) болғаны белгілі. Әйтсе де Қостанай уезі мал саны жағынан Торғай облысындағы тек мал шаруашылығымен шұғылданатын Ырғыз бен Торғай уездеріндегі мал санынан артық болған-ды [6, 67]. Мұрағат деректеріне қарағанда, 1891 жылғы мәліметтерде Тоғай облысындағы мал саны (төрт түліктің бәрін қоса есептегенде) уездер бойынша төмендегідей болған: Елек (Ақтөбе) уезінде – 739.082; Ырғыз уезінде – 854.869; Николаев (Қостанай) уезінде – 880.111; Торғай уезінде – 859.115 [30] Ал Орал уезі егіс көлемі жағынан Қазақстан бойынша төртінші

орын алған болса, мал саны жағынан да мал шаруашылығымен ғана айналысатын Гурьев уезіндегі мал санынан көп болды [6, 67]. Сол себепті де аталмыш уездердің аграрлық келбеті салыстырмалы түрде мейлінше өзгеріске ұшырады деген тұжырым жасауға толық негіз бар деп есептейміз.

Қорытындылай келе айтқанда, Ресей империясының Қазақ өлкесінде жүргізген саясатының барысында әрбір облыста аграрлық салада қызмет еткен казактар мен орыс шаруаларының санының артуына байланысты егін шаруашылығы дами бастады. Соған сәйкес далалық облыстардың егіншілікке жарамды деген жерлері егістікке айналып, егінші аудандардың кеңістігі артты. Егін шаруашылығы далалық облыстарда ХІХ ғ. аяғы мен ХХ ғ. басында тауарлы сипатқа ие болды. Егіншілік экспансиясы мен оның кеңістігінің артуына байланысты қазақ даласының топырақ ресурстары шаруашылық айналымына тартылды. Далалық облыстардың қаратопырағы мен қарашіріндісі (гумус) жеткіліксіз топырақ қабатына антропогендік эрозия процесі кең тарала бастады. Алайда оған қарсы күресудің әдістері казактарда да, орыс шаруаларында да жасалмаған еді. Өйткені, жаңа аймаққа, жаңа жерге қоныс аударған адамдардың экологиялық мәдениетінің жаңа ортаға бейімделуі және оның қалыптасуы ұзақ уақытты талап ететін еді. Егіншілік кеңістігінің ұлғаюы топырақ эрозиясымен бірге, орман ағаштарының жаппай кесілуіне, шөлдену процесіне алғышарт жасады. Бұл процестердің тереңдеуіне бірінші кезекте ауыл шаруашылық техникаларының жетілуі және олардың кең таралуы себепші болған-ды. Темір соқалардың, темір тісті тырмалардың және т.б. егіншілікке қажетті құрал-саймандардың кеңінен қолданыла бастауы топырақ ресурстарына антропогендік әсердің күшеюін қамтамасыз еткені түсінікті. Сонымен бірге, географтар мен эколог ғалымдардың тұжырымы бойынша жүздеген жылдар бойы дамып келе жатқан егіншіліктің әсерінен жердің үстіңгі қабатындағы жылу балансының өзгеруіне және көмір қышқыл газының атмосфераға түсуіне кері әсерін тигізеді [31].

1. *Статистические сведения о населенных местах по областям Степного края // ҚР ОММ 64-қор, 1-т., 608-іс, 5-7 нп*

2. *Букейханов А. Переселенческие наделы в Акмолинской области // Бөкейхан Ә. Таңдамалы.- Алматы.- 1995, 242 б.*

3. *Сведения об урожае хлебов и трав в округах Сибирских киргизов за 1839 г. // ҚР ОММ 374 қ., 1 т., 195-іс, 132 н.; Отчеты Степного генерал-губернатора за 1883, 1886-1888, 1890-1891, 1901 гг. // ҚР ОММ 64-қор, 1-т., 125-іс, 42-н.; Отчеты генерал-губернатора Степного края за 1886 г. // ҚР ОММ 64-қ., 1-т., 299-іс, 114 н.*

4. *Дело о внедрении в Тургайской и Уральской областях правил по колонизации, действовавших в Западной Сибири 1875 г. // РФ ОрОММ 6-қор, 10-т., 8467/1-іс, 8 қ.п.*

5. Дело о сооружении киргизским населением Тургайской и Уральской областей арыков для искусственного орошения полей // РФ ОрОММ 6-қор, 10-т., 4-бөлім, 8506-іс, 6-18 пп.
6. Дияров К.Д. Сельское хозяйство дореволюционного Казахстана // Преображенная степь. Сельское хозяйство Казахстана за 50 лет Советской власти. Алма-Ата: “Қайнар”, 1967.- 375 с. (С. 64)
7. Масанов Н.Э. Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельностиномадного общества.- Алматы «Социнвест»-Москва «Горизонт», 1995.-320 с. (С. 50).
8. Отчеты Степного генерал губернатора за 1883, 1886-1888, 1890-1891, 1900 гг. // ҚР ОММ 64-қ., 1-т., 125-іс, 337 п.
9. Букейханов А. Русские поселения в глубине Степного края // Бөкейхан Ә. Таңдамалы.- Алматы, 1995, 218 б.
10. Дело о собрании разных сведений к годовому отчету 1851 г. // РФ ОмОММ 9-қор, 1-тізбе, 124а-іс, 87 қ.п. - 88 п.
11. Байтұрсынов А. Шаруа жайынан // Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдермен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу / Құраст. Р.Нұрғалиев.- Алматы: Жалын, 1991.- 464 бет. (237 б.)
12. Дулатов М. Жер мәселесі // Дулатов М. Шығармалары: Өлеңдер, қара сөздер, көсемсөз / Құраст. М.Әпсеметов, Г.Дулатова.- Алматы: Жазушы, 1991.- 384 бет. (217-218 бб.)
13. Материалы по киргизскому землепользованию собранные и разработанные статистической партией Тургайско-Уральского переселенческого района. Уральский уезд, 1909, 451 с. (С. 46-47)
14. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв.: сборник материалов и документов. - Алма-Ата, 1961,- 740 с. (С. 536)
15. Букейханов А. Киргизы // Бөкейхан Ә. Таңдамалы.- Алматы, 1995.- 67 б.
16. Отчет военного губернатора Тургайской области за 1901 год // ҚР ОММ 318-қор, 1-тізбе, 73-іс, 210 п.
17. Сведения уездных начальников для отчета Тургайскому военному губернатору о состоянии области за 1892 год // ҚР ОММ 318- қор, 1- тізбе, 1-іс, 25-29 – пп
18. Анкеты Оренбургского отдела РГО с ответами местных жителей, содержащими географические сведения об Оренбургском крае за 1877-1880 гг. // РФ ОрОММ 94 қор, 1 т., 53 іс, 116 п.
19. Отчет по Тургайской области за 1877 год // РФ ОрОММ 6 қор, 17 т., 232 іс, 6 п.
20. Материалы по киргизскому землепользованию собранные и разработанные статистической партией Тургайско-Уральского переселенческого района. Темирский уезд.- Оренбург, 1910, 285 с. (С. 3-69)

21. *Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные статистической партией Тургайско-Уральского переселенческого района. Лбищенский уезд.- Оренбург, 1914.- 412 с. (С. 7-21)*
22. *Памятная книжка и адрес-календарь Уральской области на 1907 год.- Уральск, 1907, 271 стр. (С. 59); Обзор Уральской области за 1915 год.- Уральск.- 1916, 138 стр. (С. 7)*
23. *Отчет военного губернатора Уральской области за 1872 г. // РФ ОрОММ 6-қор, 17-тізбе, 211-іс, 34-п.*
24. *Отчет военного губернатора Уральской области за 1875 г. // РФ ОрОММ 6-қор, 17-тізбе, 219-іс, 38-п.*
25. *Табели и ведомости к отчету за 1852 г. // РФ ОмОММ 3-қор, 2-тізбе, 3315-іс, 149 қ.п. - 153 пп.*
26. *Статистический отчет о состоянии Кокчетавского уезда Акмолинской области за 1892 г. // ҚР ОММ 393 қор, 1 т., 19 іс, 15 қайырма парақ*
27. *Валиханов Ч.Ч. О кочевках киргиз//Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Т.4. – Алма-Ата: Гл. ред. Казахской сов. энциклопедии, 1985.- 461 с. (С. 105)*
28. *Приложения к Всеподданнейшему отчету по Управлению Западной Сибири за 1858 г. // РФ ОмОММ 3-қор, 1-тізбе, 4291-іс, 87 қ.п. - 88 п.*
29. *Тресвятский В. Земледелие // Вопросы землепользования в казахской этнографии. 2-е изд. доп.- Астана: “Алтын кітап”, 2007.- 369 с. (С. 263-269)*
30. *Сведения по Илецкому уезду Тургайской области для Всеподданнейшего отчета военного губернатора за 1892 г. // ҚР ОММ 318 қ, 1-т., 1-іс.- 211 п.*
31. *Глобальные изменения и география //Земля и Вселенная. – 1995.- № 3.*

Резюме

Изменение аграрного пейзажа и процесс ухудшения экологической обстановки на территории Казахстана начались еще в XIX в. и связаны с колониальной аграрной политикой, результатом которой стало нарушение режима использования пастбищ, водных источников, массовая вырубка леса. Следствием нарушения традиционных кочевых путей стало увеличение нагрузок на пастбища, что в свою очередь привело к постепенному опустыниванию, засолению, эрозии почв, и в целом нарушению экологического равновесия степных регионов.

Summary

Change of agricultural landscapes and the deterioration process of ecological situation in Kazakhstan started in the nineteenth century and are connected with an

active colonial agrarian policy, which resulted in violation of the use of pastures, water sources and massive deforestation. A consequence of the disruption of traditional nomadic ways has been to increase pressures on pastures, which in turn led to a gradual desertification, salinization, soil erosion, and generally disturbing the ecological balance of the steppe regions.

М.ТЫНЫШБАЕВ ЖӘНЕ 1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС

С.К.Тулбасиева –

т.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ аға оқытушысы

Өткен ұрпақтың жалпы ұлттық биік мұраттар жолында жүріп өткен жолын, осы жолда жиған мол тәжірибесін, жеткен жетістіктері мен жіберіп алған қателіктерін ой таразысынан өткізу-отандық тарихтану ғылымының негізгі міндеттерінің бірі. Өмір сұранысына сай, жоғарғы ғылыми теориялық және методологиялық тұрғыдан жазылған тарихи зерттеу жұмыстарының қоғамның тарихи санасы мен тағылымының қалыптасуына, мемлекеттік идеологияға ықпалы зор болмақ.

Қазақстан тұрғындарында тарихи сананы қалыптастырудың мемлекеттік концепциясында бұл мәселе кезек күттірмес маңызды мәселе ретінде қойылды. «Отан тарихының тағылымдары және Қазақстан қоғамының қайта жаңғыруы» атты ғылыми сессияда да: «Үшінші мыңжылдыққа аяқ басарда бізге өткен-кеткенімізді қайтадан сараптамасқа жағдай жоқ. Өйткені, тарихи жадымызды қалпына келтіріп, тағдырымызды қайта таразылау тәуелсіздігіміздің де мән-мағынасын ұғындыра түседі» делінген [1,3 б.].

Отан тарихында еш уақытта өзектілігін жоймайтын тақырыптардың бірі – ұлт-азаттық күрес тарихы.

Кейінгі жылдар көлемінде 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тарихына қалам тартқан ғалымдардың көптеген зерттеулері мен мақалалары баспасөз бетінде жарық көруде. Бұл мақалаларда осы тақырыпқа алғашқы болып қалам тартқан ғалымдар мен жазушылардың және мемлекет қайраткерлерінің еңбектеріне оңды баға берілуде.

Мәселен, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясының академигі Манаш Қозыбаевтың «1916 жыл: Ұлт-азаттық революция тарихнамасының кейбір мәселелері» атты мақаласында «Қазақстан мен Орта Азиядағы 1916 жыл көтерілісі» туралы кеңінен тоқталып өткен. Мәселені ең алғаш зерттеудің әу басында тарихшылардың аға буын өкілдері С.Аспендияров, А.Байтұрсынов, Т.Рысқұлов, С.Мендешов, Б.Алманов, Б.Қаратаев, жазушы Ж.Аймауытовтар тұрды»- [2,3 б.], деп көрсетті.

Осы есімі аталғандардың басым көпшілігінің 20-30 жылдары жарық

көрген еңбектері олардың авторлары жалған жаламен «халық жаулары» ретінде айыпталғаннан кейін ғылыми айналымнан алынып тасталған болатын. Солардың қатарында сол жылдардағы оқиғаларды өз көзімен көрген, тіпті тікелей қатынасқан адамдардың бірі-саяси қайраткер, алаш зиялысы Мұхаметжан Тынышбаев та болды.

Қазіргі кезде зиялы зерттеушілер ұлт-азаттық көтерілістерге жаңа қырынан қарауда, оның өзіндік шын тарихын жаңа құнды дерктер негізінде объективті түрде зерттеуде. Осыған орай өмірлерін ұлттық мүдде үшін қиған Мұхаметжан Тынышбаев сынды ғалымдардың қоғамдық көзқарастары мен тарихи зерттеулері жаңа көзқарастар тұрғысында жаңадан бағалана басталды.

Қазақ халқының 20-30 жылдардағы тарих ғылымында Мұхаметжан тынышбаев зор роль атқарды. Өйткені Мұхаметжан тынышбаев өзінің зерттеуін-зерттеушілік қызметінің негізгі бағыттарының бірі ретінде халқымыздың 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының тарихын зерттеуге арнады.

Ғалым гимназист және студент бола жүріп, қазақ халқының мұқтаждығын жақсы түсінді, орыс басқару органдары мен Жетісуды мекендеген қазақ және қырғыз халықтары арасындағы өзара қарым-қатынастарыды білуге ынталы болып, оларды жан-жақты зерттеуге тырысты. Оның пайымдауынша, қырғыз-қазақ халықтары, әлбетте, Ресейден орыс қоныс аударушыларының осы өлкеге қоныс аударуына аса қарсылық көрсетпей, олардың жаңа жерде өздерінің жағдайын жақсартуға ұмтылған әрекеттеріне әуелде түсіністікпен қарады. Олар қоныс аударушыларды өлкеде қарсылықсыз қарсы алды. «Тіпті елдің ақсүйек ру басылары орыс отрядтарын елге өздері бастап келіп, қоян қолтық араласты. Алайда олардың келуінің немен аяқталатыны белгісіз болды...» [3] дей келіп, М.Тынышбаев жергілікті халықтың мүддесіне сай қандай саясатты ұстанғандығын, қандай заңсыздықтардың жүзеге асқандығын көрсететеді.

1906-1914 жылдар аралығында Верный облысын басқарған С.Н.Велецкий кезіндегі заңсыздықтардың ашық түрде жүзеге асқандығын бұлтартпайтын деректермен дәлелдеген М.Тынышбаев 1916 жылғы көтерілістің басты себебі патшаның жергілікті халықтың ер-азаматтарын майданның қара жұмысына алу туралы 25-маусымдағы жарлығы емес, әлеуметтік және ұлттық езгінің бірінші дүниежүзілік соғыс барысында барынша күшейгендігі болғандығын баса көрсетеді. Осыған орай М.Тынышбаев өз зерттеулерінде Верный уезін 8 жыл басқарған С.Н.Велецкий кезінде Переселен басқармасының қазақ пен қырғыздардың жерін тартып алған заңсыздық әрекеттерінен мәліметтер келтіреді [3].

1916 жылғы патшаның маусым жарлығы көтерілістің басталуына түрткі ғана болғанын айтады. Бұл туралы ол Түркістан генерал-губернаторының атына жазған түсініктемесінде ашық көрсетті. Түсініктеменің бір тұсында ол: «Құнарлы жерлерді тартып алған соң мал

шаруашылығы құлдырады, жер өңдеу қысқартылды. 1907-1914 жыл арасындағы жеті жылда облыс қатты өзгеріске түсті... [3], десе екінші бір жерінде «барлық жауапкершілік қазақтардың мойнында болды: егер орыс шаруасының малы немесе басқа бір мүлкі жоғалса, жергілікті жер болыстығына оны тез арада табу басталды. (Лепсі уезінде 3-5 күндік мерзім ішінде)», -деп ел ішіндегі заңсыздықтардың ашық түрде қандай жолдармен жүзеге асқандығын бір қырынан көрсетеді.

«Мен, дейді ол, -1910 жылы Жетісу облысы үстінен өтіп бара жатып Қарабалтадан Пішкекке дейін, одан әрі Константиновкаға дейінгі шамамен 75 шақырым аралығында пошта станцияларының өзара тұтас дерлік қоныстанушылардың поселкелермен жалғасқанын көрдім. Пішкек уезін түгелдей поселкелер басқан және алыстағы Чернигов, Орлов және басқа губерния мұжықтары армандаған Пішкек жері туралы айта келіп, даудың басы Патшалық Ресейдің жер мәселесіне қатысты жүргізген отарлық саясаты ұлт-азаттық қозғалыстың туындауының басты себебі болды» деген қорытынды жасайды [3].

М.Тынышбаевтың Түркістан генерал-губернаторының атына жазған түсініктемесінде 1916 жылғы көтеріліс тарихын зерттеуге үлес қосуға мол мүмкіндік беретін мәліметтер келтірген.

Мәліметтерді қарастыра отырып, ел қоныстарын қозғамай-ақ бос жатқан қазақ даласын игеру патшалық өкімет үшін тиімсіз болғанына көз жеткіземіз.

Мұхаметжан Тынышбаевтың бұл пікірі оның замандасы Ахмет Байтұрсыновтың «Көшпелі ьәм отырықшы норма» атты мақаласында қолдау тапқан [4].

Осылардың бәрін көріп, біліп, сезініп өскен, көкірегі ояу, көзі ашық А.байтұрсынов, М.Дулатов, Ә.Бөкейханов, М.Тынышбаев, Ж.Аймауытов сынды зиялы азаматтар намысы тапталған, қорланған, мүсәпір болған халқына қол ұшын беруді өздерінің парызы санады.

Бұл ретте аталмыш қазақ зиялыларының 1916 жылғы патшаның маусым жарлығына байланысты көзқарасы туралы мәселе туындайды. Олардың сол жылдары осы мәселеге байланысты қандай күй кешкенін Мыржақып Дулатовтың «Он алтының ойраны» атты мақаласынан көруге болады. «Бір күні төбеден түскен жайдың оғындай июнь жарлығы сарт ете түсті. Бұл жарлықтың бізге жайдың оғындай көрінуі-қалың қазақ еліне оның әсері қандай болатындығын сезгендігімізден еді. Бұл жарлықтың қазақ арасына қалай тарайтыны, қазақ елі не күйге ұшырайтыны көз алдымызға елестей қалды. өз өмірімізде басымызға тумаған ұлы дағдарысқа ұшырадық. Қайтпек керек? Не істейміз? Елге не айтамыз? Біздің басшылығымыз қандай болмақ? Елдің ризалықпен көңісі келмейтіні, балаларын бергісі келмейтіні «соғыс», «солдат» деген сөздерден өлердей қорқатыны, патша өкіметіне сенімі жоқтығы белгілі. «Көнбе, берме» дейміз бе? Оның түбі не болады? Немізге сеніп, «Көнбе» дейміз? Көнбейтін күшіміз қайда?» деп көрсетсе [5,

?)], Мұхаметжан Тынышбаев болса: «Жағдай өте қолайсыз қалыптасты және санаулы қырғыз (қазақ) интеллигенциясыекі оттың ортасында қалды» [3],- деп көрсетті.

Сол кездегі қазақ зиялыларының жетекшісі Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов ешбір қарсылықсыз патшажарлығын орындау керек деп санады. Бұлай епеген жағдайда деді олар, патша үкіметі елді жазалаушы қарулы жасақтар шығарып, елді қан-төгіске душар етеді. Олар 1916 жылғы «Қазақ» газетінің 192-ші санында «Алаштың азаматы» деген мақала-хат жариялап, онда қан-төгіс болдырмау халықты патша жарлығын орындауға шақырды [6]. Кеңес өкіметі жылдарында осы қайраткерлердің осы іс әрекеттері халыққа сатқындық жасағандық деп бағаланып, оларды «халық жаулары» деп айыптауға негіз болған факторлардың біріне айналды.

1916 жылдың шілде-тамыз айларында Жетісу облысында басталған көтеріліс көп кешікпей Қазақстанның барлық аймақтарын түгелге дейін қамтыды.ол алғашқы кезде түземдік әкімшілікке тізім жасатпаудан басталып, соңынан қарулықақтығысқа ұласып, патшалық өкіметтің жазалаушы отрядтары мен бұқара халық жасақтары арасындағы қақтығысқа әкеледі.

Бұл көтеріліс тек қана Қазақстанды қамтып қойған жоқ, сонымен қатар империяның шығыстағы отарлық аймағы болған Орта Азияға түгел тарады. Бір сөзбен айтқанда, 1916 жылғы Қазақстан мен Орта Азиядағы көтеріліс осы ұлан-ғайыр жерді мекендеген жергілікті халықтардың көптен бері орын алған ұлт-азаттық күрестерінің заңды жалғасы әрі шырқау шыңы болды. Соғыстың, ауыртпалықтары, жергілікті халықтан зорлықпен жердің тартып алынуы, шаруашылықтың күйзелісі, патша жендеттері тарапынан тонаудың күшеюі, орыстандырудың қарқынмен жүзеге асуы-халық шыдамын шегіне жеткізді. Ал жарлық пен соғысқа әскер қатарына өз ұлдарын шақырмай, бұратана халық деп кемсітіп, қара жұмысқа 19-43 жас аралығындағы ер азаматтарды алу шегіне жеткен шыдамды отқа май құйғандай өршітіп жіберді.

Бұл тарихи кезеңде қазақ халқын бір жолата құртып жіберу қаупі туды. Жоңғарлармен күрес дәуіріндегідей тарих мәселені тағы да төтесінен қойды: қазақ халқы өмір сүруін тоқтата ма, әлде ұлт ретінде өзін-өзі сақтап қала ала ма? [2].

Отарлық басқарушылар өз қол астындағы бұратана халық санасының оянуына жол бермеуді көздеп, көтерілісті өз мүддесіне сай кері сипаттауға тырысты. Ал ұлт зиялыларының көтерілісті шынайы ақиқат тұрғысынан жазуға ұмтылуы олардың саяси құрбан болуына әкелді. Осындай тағдыр тәлкегіне түсетінін біле тұрса да олар өз принциптерінен бас тартпады. Халық санасының оянуына қозғаушы күші болған ұлт азаттық қозғалыстар ұлттық рухты сілкіндірді.

Ұлт-азаттық көтеріліс тарихын ақиқат тұрғысында жазып, оған объективті баға беруде М.Тынышбаевтан қалған мұраның тарихнамада алатын орны ерекше. Ол бұл мәселеге арнап мақалалар жазып, саяси мәліметтер жасады. Оларды көтерілістің барысы мен салдары жөнінде құнды

деректер бар.

Онда тарихшы жекелеген облыстардағы көтеріліс барысын сипаттап, жергілікті көтерілісті патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы бағытталған бұқаралық қозғалыс екендігін, көтеріліске басты себеп болған патша өкіметінің жергілікті халықтың жерін отарлаудағы қоныстандыру саясаты, оның арандату саясатын туғызғандығын дұрыс көрсете білді.

Қазақ елінің 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы инженер-тарихшының қоғамдық қызметі мен шығармашылық еңбектерінде ерекше орын алғандығы жайында сол жылдары Орынборда А.Байтұрсынов пен М.Дулатовтардың редакторлығымен жарық көріп тұрған «Қазақ» газетінде былай делінді: «М.Тынышбаев II-Мемлекеттік Думаның ағзасы, инженер. Саясат ісіне жетік халыққа таза жолымен қашаннан қызмет етіп жүрген алдыңғы қатарлы зиялы азамат. Жетісуда бүліншілік болғаннан бері Мұхаметжан көзге көрінерлік көп пайда келтіріп жүр. Былтыр Түркістан уалаятында Куропаткинге генерал-губернатор болғандығын (1916 ж. 10 тамыз), мәселенің бәрі Жетісу қазақ-қырғызында емес, жергілікті хәкімдердің жауыздығынан болғандығын Куропаткинге жете түсіндіруші Мұхаметжан Түркістан уалаятындағы қазақ-қырғыздардың жерін Жетісу переселендік мекемесінің зиянды саясаты бойынша мұжыққа алынғандығын жергілікті халықтардың тау мен тасқа қамалып қалғандығын ьәм мұнан былай да жер алынатын болса, қазақ пен қырғыз аса таршылықта қалатындығын дәлелдеп доклад жазған Мұхаметжан» [7].

Ұлт-азаттық қозғалыстан соң патшалық отарлаушылар көтерілістің негізгі себептерін бүркемелеп халықты патша жарлығына қарсы көтерген түрік пен неміс агенттері деп түсіндіруге тырысты. Мұндай пайымдаулардың астарын жақсы түсінген М.Тынышбаев көтерілістің негізгі себептерін генерал-губернаторға (4.ҮІ.1924 жылы) берген хатында ашық жазды: «Түркістандағы орыс тұрғындарының 90%-ы жетісу жеріндегі толқулардың себебін көп ойланып жатпай-ақ, түркі және герман үгіттеуінен көру дұрыс емес, шындығында оның себептері қырғыз, қазақтарды ата қонысынан, жерінен айырған-отарлау саясаты мен патша жендеттерінің жасаған түрлі зорлықтары және де үлкен көтерілістерді ұйымдастырар үгітшісінің жоқтығы еді» [3].

1916 жылғы дүрбелең кезінде қатарында М.Тынышбаев бар зиялылар «Қазақ» газеті арқылы оқығандарға үндеу тастап, оларды өз ауылдарынан майданның қара жұмысына алынғандардың қатарына қосылып, майдан шебіне баруға, оларға рухани көмек беруге, өзге ұлттарға басындырмауға, офицерлерге қорлатпауға шақырды.

Әлихан Бөкейханов бас болып, қара жұмысқа алынғандар шоғырланған жерлерді аралауға аттанды. Оларды азық-түлікпен, киім-кешекпен қамтамасыз етуге, дәрігерлік көмек көрсетуді ұйымдастырады. Ал 1917 жылы ақпан революциясы жеңіске жеткеннен кейінгі жұмысқа шақырылған қандастарымыз елге қайтару ісінің басы-қасында болды. Мәселен, М.Дулатов

Петроград пен Мәскеудің вокзалдарына түнеп, елге қайтушыжігіттерге теміржол билеттерін алыпберіп, басқа да көмектер көрсетті. Бұл жөнінде жазушы әрі тарихшы Ғалым Ахметов арнайы мақала жазып, нақтылы деректер келтірді. М.Тынышбаев 1916 жылғы көтерілісті патша жендеттері аяусыз басып жаншылағанда шет елдерге босып кеткен қандастарымыз өз отанына қайтару ісімен айналысты. Босқындарды қазақ еліне қайтару үшін Ахмет Байтұрсынов пен Мыржақып Дулатов Шәуешекке, Мұстафа Шоқай Өзбекстанға, Мұхаметжан Құлжаға аттанды [2].

Осылайша азаттық күресі стихиялы түрде дамыған халықтың қозғалыстан кейінгі күйі ауыртпалығын да зиялы қауым көтерді.

М.Тынышбаев 1917 жылғы көктемде Ташкентте құрылған Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің мүшесі ретінде, одан соң Жетісу облысындағы Уақытша үкіметтің комиссары боып жүріп, шет елге босып кеткен қазақтарды елге (негізінен Жетісуға) қайтарып, оларды жерге орналастыруда үлкен рөл атқарды [8, 126].

Түркістан комитетінің қырғыздардың (қазақтардың) жермен қамтамасыз етілуі жөнінде ерекше көңіл бөлінгендігі жөнінде комитеттің 1917 жылдың 19 сәуіріндегі мәжілісінде оның мүшесі М.Тынышбаевтың «Қытай өңірінен келген қырғыздардың қоныстандырылуы жөніндегі баяндамасы» дәлелдейді (Доклад члена комитета М.Т.Тынышбаева о местах поселения киргиз, возвращающихся из пределов Китая) [8,133б]. Міне осындай жігерлі істер М.Тынышбаевтың елі үшін аянбай жасаған еңбектерінің бір қыры болып табылды.

М.Тынышбаевтың «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 24-ші маусымындағы санында жарияланған мақаласында « Қытай жеріне кеткен (Құлжа ьәм Қашқар өлкелеріне) босқын қырғыз, қазақтардың саны 164 мың адам екен. Содан үстіміздегі жылдың (1917) июльдің 1-не дейін қырылғаны 83 мың, жеріне қайтқаны 69 мың, Қытай жерінде қалғаны 12 мың адам» [9] деп мәлімет берген.

Бұл тұрғыда зерттеуші-ғалым М.Қойгелдиев: «Біз бұрын қырғынға ұшыраған жалғыз қырғыз деуші едік, Мұхаметжанның айтуынша Жаркент уезіндегі албандардың (ұлы жүз) опат болған босқындар саны қырғыздардан кем емес» екендігін айта келіп, осы мәселені анықтаудағы М.Тынышбаевтың саяси-қоғамдық және зерттеушілік қызметіне жоғары баға береді.

«Қазақ» газетінің беттерінде М.Тынышбаев Жетісудағы қырғыз бен қазақ елінің басына түскен қасіреттердің шын ауқымын көрсететін деректік материалдар жариялайды. Мысалы; 1917 жылдың 254-ші санында Жетісу облысындағы қазақ және қырғыз уезіндегі болыстардан Қытай асқан адамдардың саны анықтайтын кесте беріп, «44 болыс жерінде барлығы 47 мың 759 түтін бар, содан қашқаны 40 мың 250 түтін, қырылғаны 95 мың 200 жан болды» [10], деп көрсетеді. Бұл есепке қарағанда босқындардың жартыға таяу адамдары қырылған.

Ұлт зиялылары 1916 жылғы тыл жұмысына адам алу нәтижесінде жас

шамасын жасыратын, мал санағының, жер мөлшерін есептеуден бастарын алып қашатын болып алған халыққа егер бұл есептер дұрыс берілмесе қазақтың есесі кететіндігін түсіндіруді және осы сияқты көптеген кезек күттірмес мәселелерді шешуді өздеріне борыш санады. Сонымен қатар, өлкеде қалыптасқан жағдай қазақ ұлты қайраткерлерінің алдына елде орын алған ашаршылықпен күресу, мұжық-орыс пен қазақ және казак-орыс пен қазақ араларындағы дау- жанжалдарға араласу, жергілікті жерлерде құрылып жатқан уақытша билік орындарына өз өкілдерін өткізу тәрізді сан қилы проблемалар жиынтығын көлденең тартты.

1. *Отан тарихының тағылымдары және Қазақстан қоғамының қайта жаңғыруы: Халық бірлігі және ұлттық тарих жылына арналған ғылыми сессияның материалдары. - Алматы, 1999. 3-б.*
2. *«Қазақ әдебиеті». 1992 жылдың жинағы.*
3. *Тынышбаев М. Ақтабан шұбырынды. – Алматы, 1992.-102-112бб.*
4. *Байтұрсынов А. Ақ жол. - Алматы, 1991. - 233б.*
5. *Жұлдыз.- 1991.- №6. - 104-105бб.*
6. *Нұрпеісов К. Алаш Һәм Алашорда. - Алматы, 1995. - 64-б.*
7. *Қазақ газеті. – 1917. - №237.*
8. *ӨРОМА. 1044-қор, 1-тізім, 1-іс, 12-39бб; 17-қор, 1-тізім, 1-іс, 133бб.*
9. *Қазақ газеті. – 1917.- 24-ші маусым.*
10. *Қазақ газеті. – 1917. - № 254.*

Резюме

В статье проведен историографический обзор исторических и научных трудов М.Тынышпаева, касающихся истории национально-свободительного движения 1916 года.

Summary

The article gives a historiographical overview of historical and scientific works of M. Tynyshpayev concerning the history of the national liberation movement in 1916.

ҚАЗАҚСТАН МЕН ҰЛЫБРИТАНИЯ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫН ТҰРАҚТЫ ДАМУДАҒЫ ЕЛБАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Р.Р.Оспанова -

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің аға оқытушы, т.ғ.к.

Қазақстан Республикасы Президенті өз 2008 жылғы жолдауында: «Халқымыз осы заманғы және бәсекеге қабілетті зайырлы мемлекетті белсене орнатып жатыр. Міне, нақ сондықтан да мен қазірдің өзінде мұндай тәжірибе жинақтаған Қазақстанның халықаралық деңгейдегі мәдениетаралық және конфессияаралық үнқатысу орталықтарының бірі ретінде қызмет атқаруға әзір екенін тағы да қуаттағым келеді...» [1] - деп еліміздің халықаралық қарым қатынастардағы қазіргі келбетін сипаттап өткен. Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасып, бүкіләлемдік халықаралық қарым – қатынаста және саяси үрдістен өзіндік келбетімен айқын орын алуы отандық ескі халықаралық ұстанымдардан арылып, жаңа бағытта дамуына мүмкіндік туғызды. Осындай жаңа тәуелсіз елге тән қарым – қатынасты дамытудағы елбасының елеулі орын алған елі алдындағы қызметінің бірі – ол алып Ұлыбритания сияқты еуропалық елдермен қарым қатынасты қазіргі әлемдік халықаралық деңгейде дамытудағы рөлі. Иссапар барысында Елбасы Ұлыбританияның Парламенті қос палаталарының басшылығымен, сондай-ақ британдық парламентарийлермен «дөңгелек үстел» басында Қазақстан мен Ұлыбритания арасындағы парламенттік байланыстарды одан әрі дамыту мен нығайту, 2009 жылы ЕҚЫҰ-да Қазақстанның төрағалығы туралы мәлімдемені ілгерілету, сондай-ақ Қазақстанның саяси және экономикалық даму жолын дүниежүзі қауымдастығына таныту жөнінде келіссөздер мен кездесулер өткізу жоспарланып отырғандығын мәлімдеуі қазіргі кезеңдегі Ұлыбританиямен еліміздің қарым -қатынасының сипатын айқын көрсетері сөзсіз. Қазақстанның Еуропадағы аса ірі сауда және инвестициялық әріптесі ретінде Ұлыбританияның айрықша орны екі жақты қатынастарда саяси проблемалардың жоқтығымен ерекшеленеді. Мұның түпкі негізі мұнай мен газға, сонымен қатар мұнай-газ тасымалдау құбырларына тікелей байланысты. Өйткені, мұнай-газ салаларының геостратегиялық және экономикалық маңызы әлемдік ауқымда ерекше болып отыр. Қазақстан басшысының осы сапарында екі елдің ынтымақтастығын одан әрі дамыту

мақсатында дәл осы мұнай-газ салалары сөз болашағына сенімі мол. Екі елдің өзара қатынастарын бүгінгі күндегідей дәрежеге жеткізуге Мемлекет басшысының 1991 жылғы сапары негіз қалады дегеніміз жөн. Содан бастап-ақ Қазақстан Еуропа Қайта құру және Даму Банкімен, сондай-ақ бүгінде Қазақстанда белсенді жұмыс істеп келе жатқан британдық бірқатар компаниялармен маңызды ынтымақтастық орнатыла бастады. Ел тәуелсіздігін алған алғашқы жылдарда Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Ұлыбританияда бірнеше мәрте сапармен болды. Оның барлығы екі мемлекет арасындағы ынтымақтастықты дамытуға тікелей арқау болғаны анық. Мысалы, 1994 жылғы наурыздағы сапары мемлекеттер арасындағы өзара ықпалдастықты тереңдетуге жол ашып, Қазақстан-Британ ынтымақтастығының шарттық-құқықтық негізін қалаған құжаттарға қол қойылды. Арада біраз уақыт өткенде, 1995 жылдың соңы мен 1996 жылдың басында Қазақстан мен Ұлыбритания арасындағы екіжақты экономикалық қатынастарды реттейтін екі шешуші келісім – Қосарланған салық салуды болдырмау туралы келісім мен Инвестицияларды қолдау мен өзара қорғау туралы келісім күшіне енді. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 2000 жылдың қарашасында Лондонға жасаған ресми сапары екі елдің өзара қарым-қатынасына жаңаша серпін берген ерекше маңызды сапар болғанын атап өткен жөн. Оның барысында Қазақстан басшысының Королева II Елизаветамен кездесуінде Нұрсұлтан Назарбаевты Королева Қазақстанда саяси және экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге, елде заңдылық пен демократияны орнықтыруға, сондай-ақ жаһандық ауқымда ядролық қаруды таратпау ісіне сіңірген еңбегі үшін Біріккен Корольдіктің жоғары наградасы – Қасиетті Михаил және Қасиетті Георгий орденімен марапаттаған еді. Сапар кезінде екі елдің әскери саладағы ынтымақтастығы туралы құжаттарға және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мен Британ кеңесі арасындағы Қазақстан-Британ техникалық университетін құру туралы меморандумға қол қойылған болатын. Бүгінде қол қойылған сол құжаттар негізінде Қазақстан-Британ университеті құрылып, жұмыс істеп жатыр. Қазақстан тәуелсіздігін алғалы бері екі елдің арасындағы байланыстар, делегациялар алмасулар толастаған жоқ. Мысалы, 1996 жылдың қарашасында Король отбасының мүшелері мұрагер ханзада Чарльз, 1993 жылдың шілдесінде ханшайым Анна, ал 2002 жылдың қыркүйегінде II Елизаветаның немере інісі Герцог Глостерский келіп қайтты. Ұлыбританияның Қазақстанға деген ұстанымын Еуропалық Одақ аясынан да анық көруге болады. Өйткені, Ұлыбритания Еуропалық Одақ елдері арасынан 1996 жылы бірінші болып Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасында келісімге қол қойылған. Жоғарыда атап өткеніміздей екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастар елбасы Н.Ә.Назарбаевтың тікелей бастамасымен қазіргі кезеңде тамырын тереңге жайған. Тоқсаныншы жылдар — халықаралық, істердегі бұрынғы қатынастардың түбірімен қопарыла құлау кезеңі, орнықсыздықтың күшейіп, аймақтық және ішкі

соғыс, кең ауқымды терроризм сынды жаңа «тажалдардың» асқынған түрі. Кеңес Одағының күйреуі және кос кіндікті дүниенің құлауына байланысты халықаралық катынастардын жаңа жүйесі пайда болды. 1991 жылғы 16-желтоқсанда Қазақстан тәуелсіздік туралы декларация жариялады, дүниежүзілік қоғамдастыққа және экономикаға дербес еруге мүмкіндік алды. 1992 жылы қаңтарда тоғыз шет мемлекетпен дипломатиялық катынас орнатты. Республикамыздың сыртқы саясат ведомствосы ұлттық мүдде мен жалпы адамзаттық мүдделерді үйлестіріп жүргізетін дипломатиялық саясатқа кірісті. 1992 жылы қаңтардын 23-інде Біріккен Өлтар Өйымының Қауіпсіздік Кеңесі өзінің мәжілісінде Бас Ассамблеяға Қазақстан Республикасын Біріккен Өлттар Ұйымына мүшелікке кабылдауға ұсынатын қарарды мақұлдады[2]. Өзінің геосаяси орны жағынан екі алып держава — Ресей мен Қытайдың арасына орналасқандықтан Қазақстан осы елдермен катынастың жаңа бағыттарын айқындау, шекаралардың бұзылмайтындығын мойындап, оны құжаттар арқылы бекітуді басты назарда ұстады, Қазақстан 1991 жылдың желтоқсанында қаржылық, автономияға қол жеткізе берген кезде Ресей республикаға байкот жариялай бастады. Бір айдан кейін республика өнеркәсібінің көптеген шешуші салалары тоқтай бастаған сон, екі көрші ел қаржы және сауда саясатын толық келісіп жүргізуге бағытталған келісімге кол койды. Осыған карамастан, Қазақстан Ресейден тәуелсіз экономикалық саясат жүргізуге тырысты. 1992 жылы Қазақстанның Сыртқы істер министрлігі отыз адамнан тұрды. Кәсіби дипломаттардың көбісі бұрынырақ КСРО-ның Сыртқы істер министрлігінде жұмыс істеген болатын. Республикамыз өз дипломаттарының санын кебейту мақсатында Ресейдің Сыртқы істер министрлігінің академиясына жастарды жіберуді ойластырды. Кейінгі кезде Қазақстанның өзінде дипломаттар даярлайтын арнаулы жоғары оқу орындарын ашуға көніл бөлініп отыр. 1994 жылдың, желтоқсан айында АҚШ, Ұлыбритания және Ресей Қазақстанның шекарасының мызғымайтындығы және оған карсы — ядролық каруды колданбайтындығы туралы келісімге кол қойды. Келісуші жақтар бір-бірінің тәуелсіздігін және территориялық тұтастығын құрметтеуге, ішкі істеріне араласпауға, күш-жігерді айналадағы ортаны корғауға, халықаралық террорға, ұйымдасқан қылмысқа, есірткі заттармен заңсыз сауда жасауға карсы күрес сияқты мәселелерді шешуге бағытталған міндеттемелер кабылдады. Қазақстан Англияның "Бритиш газ", Италияның "Аджип" компанияларымен мұнай және газды ендіру үшін іскерлік байланыс жасап отырды[3]. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған алғашқы жылдары-ақ өзінің сыртқы саясатын тездетіп қалыптастыруы кажет болды, әйтпесе, біздің мүдделерімізге орасан нұқсан келуі мүмкін еді. Қазақстанның сыртқы саясатының тұжырымдамасын Президент Нұрсұлтан Назарбаев өзінің 1992 жылғы мамыр айында шыққан «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» атты еңбегінде атап көрсетті. Еліміз өзінің геосаяси жағдайын, этнодемографиялық және басқа факторларды

